

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

№ 22

16 - 30 қараша 2014

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редактордың міндетін атқарушы
Терентьев А. Л.

кеңес мүшелері:
Орлов П.Е.
Мадиярова Ә.Қ.
Сарсенова Н.В.
Сәрсенбаева А.И.

шығарылымға жауапты:
Шабанова Н.Н
Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

Редакциядан:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2014 жылғы 16-30 қарашадағы № 22 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

Көрсетілген кезеңде Ұлттық Банк «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Қой жылы» ескерткіш алтын және күміс монеталарын және «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Жүректен жүрекке» монеталар сериясынан алтын жалатылған «Ана» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығарды.

Сондай-ақ басылым беттерінде дәстүрлі түрде Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі, шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары және Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ұсынып отырмыз.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	2.
2. Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі.....	9.
3. Шетел валюталарының ресми бағамдары.....	17.
4. ҚРҰБ Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» №167 қаулысы.....	18.
5. ҚРҰБ Басқармасының «Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» № 189 қаулысы.....	47.
6. ҚРҰБ Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы» № 196 қаулысы.....	61.

Басты оқиғалар

«Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «proof» сапасымен «Қой жылы» ескерткіш алтын және күміс монеталарын айналысқа шығару туралы

2014 жылғы 21 қараша

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 21 қарашадан бастап «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Қой жылы» ескерткіш алтын және күміс монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Қой жылы» алтын және күміс монеталары он екі қырлы нысанда жасалған. Күмістен және алтыннан жасалған екі монетаның бет және сырт жағындағы бейнелері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифологиялық символдары бейнеленген және монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын (күмістен жасалған монетада – «Ag 925 31,1 g», алтыннан жасалған монетада – «Au 999 7,78 g») білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу және күннің стильдендірілген бейнесі.



Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте шығыс күнтізбесі бойынша 2015 жылдың символы – қой бейнеленген және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне монетаның соғылған жылын білдіретін «2015» ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», орыс тілінде «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және ағылшын тілінде «ORIENTAL CALENDAR» деген сөздер ойып жазылған. Күңгірт жиектің ішкі жағына шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз.

Монеталар:

1) 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана;

2) 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы – 7,78 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 21,87 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 1 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкілаумағында көрсетілген

құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Қой жылы» ескерткіш күміс және алтын монеталары «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясын жалғастыратын бесінші монеталар жұбы. 2015 жылғы 19 ақпанда шығыс күнтізбесі бойынша қой жылы кіреді.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған және коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Монета кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның www.nationalbank.kz сайтының «Ұлттық валюта» парақшасындағы интернет – дүкен арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

**«Жүректен жүрекке» монеталар сериясынан
«proof» сапасымен алтын жалатылған
«Ана» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы**

2014 жылғы 21 қараша

Алматы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2014 жылғы 21 қарашадан бастап «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Жүректен жүрекке» монеталар сериясынан алтын жалатылған «Ана» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ішіне ою-өрнек салынған жүректің стильдендірілген бейнесі, монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазба, монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазба және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстінде мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» және ағылшын тілінде «NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте күңгірт бетінде стильдендірілген күннің алтындатылған бейнесінің аясында ана мен баланың бейнесі, мемлекеттік тілде «АНА», орыс тілінде «МАМА» деген жазба және соғылған жылын білдіретін «2014» деген сан орналасқан. Айналдыра мемлекеттік тілде «ЖҮРЕКТЕН ЖҮРЕККЕ», орыс тілінде «ОТ СЕРДЦА К СЕРДЦУ» және ағылшын тілінде «FROM HEART TO HEART» деп жазылған.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 5 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкілаумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Ана» монетасы – монеталарда адамзатқа ортақ құндылықтарды көрсетуге және оларды адамнан адамға, жүректен жүрекке өзіндік бағдар ретінде жеткізуге арналған серияның алғашқы монетасы. Бұл сериядағы монеталар жақын және жақсы көретін адамдарға тамаша сыйлық болады.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңгесарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған және коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Монета кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монетаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның www.nationalbank.kz сайтының «Ұлттық валюта» парақшасындағы интернет – дүкен арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

1. Инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2014 жылғы қазанда инфляция 0,4% (2013 жылғы қазанда – 0,3%) болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 0,5%-ға (0,2%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,5%-ға (0,4%-ға) көтерілді. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,2%-ға (0,2%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарларының ішінде 2014 жылғы қазанда көп дәрежеде кондитерлік өнімдер 1,1%-ға, сүт өнімдері – 0,9%-ға, жемістер мен көкөністер – 0,9%-ға, ұн – 0,8%-ға, ет және ет өнімдері – 0,5%-ға, нан – 0,4%-ға, күріш – 0,3%-ға, балық және теңіз өнімдері – 0,3%-ға, макарон өнімдері – 0,2%-ға, сондай-ақ темекі бұйымдары – 2,0%-ға қымбаттады. Қанттың бағасы 3,4%-ға, қарақұмық – 0,2%-ға, май және тоң майлар – 0,1%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарығында сыртқы киімнің бағасы 0,7%-ға, аяқ киім – 0,6%-ға, тұрмыстық үй заттары – 0,4%-ға, дәрі-дәрмектер – 1,2%-ға өсті. Бензиннің құны 0,2%-ға өсті.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызметке ақы төлеу 0,3%-ға өсті. Бұл ретте тұрғын үйді жалға алғаны үшін тарифтер 1,5%-ға, тұрғын үйді ұстау – 0,6%-ға, қатты отын – 2,9%-ға өсті, тарату желілері бойынша тасымалданатын газ үшін тарифтер 0,5%-ға төмендеді. Бұдан басқа, өткен айда амбулаторлық қызмет көрсету бағасы 0,3%-ға, білім беру қызметі – 0,7%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер қызметі – 0,6%-ға көтерілді, көлік қызметі – 0,4%-ға арзандады.

2014 жылғы қаңтар-қазанда инфляция 6,3% (2013 жылғы қаңтар-қазанда – 3,6%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарлары 2014 жылдың басынан бері 6,1%-ға (1,8%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 7,3%-ға (2,2%-ға), ақылы қызмет көрсету – 5,6%-ға (7,1%-ға) қымбаттады (1-график).

1-график

2013 және 2014 жж. қаңтар-қазандағы инфляция және оның негізгі топтары



2014 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 7,6% (2013 жылғы желтоқсанда – 4,8%) болды. Азық-түлік тауарлары соңғы 12 айда 7,7%-ға (3,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 8,4%-ға (3,3%-ға), ақылы қызмет көрсету – 6,6%-ға (8,0%-ға) қымбаттады.

2. Халықаралық резервтер мен ақша агрегаттары

2014 жылғы қазанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 28,3 млрд. АҚШ долларына дейін 1,1%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 14,4%-ға ұлғайды). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 1,3%-ға ұлғайып, 27,5 млрд. АҚШ долларын құрады (жыл басынан бері 13,7%-ға өсті). Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен және банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюымен қамтамасыз етілген өсу ішкі валюта нарығында валютаны сатумен, алтынвалюта резервтерінің шоттарынан Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялармен және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсетумен ішінара өтелді. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2014 жылғы қазанда 2,6%-ға өсті, алтындағы активтер оның әлем нарықтарындағы бағасы төмендеген кезде жүргізілген операциялар нәтижесінде 2,0%-ға азайды.

2014 жылғы қазанда жалпы алғанда елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел

валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 76,8 млрд. АҚШ доллары) 105,1 млрд. АҚШ долларына дейін 0,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 10,1%-ға өсті).

2014 жылғы қазанда ақша базасы 0,8%-ға тарылып, 3723,6 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 31,8%-ға кеңейді). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3654,4 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға кеңейді.

2014 жылғы қыркүйекте ақша массасы 13466,8 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 16,1%-ға өсті). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1369,3 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға төмендеді (жыл басынан бері 9,5%-ға төмендеді), банк жүйесіндегі депозиттер 1,1%-ға ұлғайып, 12097,5 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері – 19,9%-ға өсті). Ақша массасы құрылымындағы депозиттердің үлесі 2014 жылғы қаңтар-қыркүйекте тіркелген айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсуі нәтижесінде 2013 жылғы желтоқсандағы 87,0%-дан 2014 жылғы қыркүйекте 89,8%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2014 жылғы қаңтар-қыркүйекте тіркелген ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы кеңеюінің үдемелі қарқынының салдарынан 2013 жылғы желтоқсандағы 4,10-нан 2014 жылғы қыркүйектің қорытындысы бойынша 3,59-ға дейін төмендеді.

3. Валюта нарығы

2014 жылғы қазанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 180,87 – 181,90 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 180,87 теңге болды.

2014 жылғы қазанда қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда, Қазақстан кор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі 2014 жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 48,9%-ға ұлғайып, 9,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар көлемі 1,8 млрд. АҚШ долларына дейін 2,4 есе өсті.

Тұтастай алғанда, ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 58,6%-ға өсіп, 11,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2014 жылғы қазанда Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру аукциондарын өткізген жоқ.

Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2014 жылғы қазанның соңында өткен аймен салыстырғанда 0,3%-ға қысқара отырып, 4202,5 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.

2014 жылғы қазанда Ұлттық Банктің 3 айлық ноттарын орналастыру бойынша 3 аукцион болды (7,9 млрд. теңге, 5,0 млрд. теңге және 10,0 млрд. теңге). Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік тиісінше 3,35%, 3,27% және 3,27%-ды құрады.

2014 жылғы қазанның соңында айналыстағы ноттардың көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 42,2%-ға ұлғайып, 43,7 млрд. теңгені құрады.

5. Банкаралық ақша нарығы

2014 жылғы қазанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 21,7%-ға ұлғайып, баламасында 3083,1 млрд. теңге болды.

Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 16,0%-ға өсіп, 778,0 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 25,2%-ы) болды. Бұл ретте теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2014 жылғы қыркүйектегі 2,79%-дан 2014 жылғы қазанда 3,40%-ға дейін өсті.

2014 жылғы қазанда доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі

2014 жылғы тамызбен салыстырғанда 25,0%-ға ұлғайып, 12,3 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 72,1%-ы) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі

2014 жылғы қазанда 0,07%-ды құрай отырып, өзгерген жоқ.

Ресей рублимен және еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі шамалы – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің тиісінше 2,6%-ы және 0,04%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі орналастырылған депозиттердің жалпы

көлемінің 2014 жылғы қыркүйектегі 73,5%-дан 2014 жылғы қазанда 74,8%-ға дейін ұлғайды. Шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінің 2014 жылғы қыркүйектегі 72,7%-дан 2014 жылғы қазанда 74,2%-ға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2014 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2014 жылғы қазанда 6,9%-ға ұлғайып, 674,5 млрд. теңгені құрады.

6. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2014 жылғы қыркүйекте 12097,5 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 19,9%-ға өсті). Заңды тұлғалардың депозиттері бір айда 7753,2 млрд. теңгеге дейін 2,2%-ға көтерілді (жылдың басынан бері 25,4%-ға өсті), жеке тұлғалардың депозиттері 4344,3 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді (жылдың басынан бері 11,2%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2014 жылғы қыркүйекте 0,8%-ға 6582,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (заңды тұлғалардікі – 0,9%-ға өсті, жеке тұлғалардікі – 0,6%-ға өсті), шетел валютасымен – 1,4%-ға 5515,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (заңды тұлғалардікі – 4,1%-ға өсті, жеке тұлғалардікі – 2,0%-ға төмендеді). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 54,5%-тен 54,4%-ға дейін төмендеді.

Халықтың (резидент еместерді қоса есептегенде) банктердегі салымдары 2014 жылғы қыркүйекте 4382,9 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді (жыл басынан бері 11,1%-ға өсті). Халық салымдарының құрылымында теңгемен депозиттер 1960,7 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 2422,1 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға төмендеді. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 44,1%-дан 44,7%-ға дейін көтерілді.

2014 жылғы қыркүйекте мерзімді депозиттер 8229,6 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға көтерілді. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгемен депозиттер 4312,1 млрд. теңгеге дейін 4,2%-ға ұлғайды, шетел валютасымен депозиттер 3917,4 млрд. теңгеге дейін 3,5%-ға көтерілді.

2014 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 5,3%-ды (2014 жылғы тамызда – 5,2%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,6% (8,5%) болды.

7. Кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 2014 жылғы қыркүйекте 0,4%-ға өсіп, 12228,3 млрд. теңгені құрады (жыл басынан бері 8,3%-ға өсті).

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 8486,3 млрд. теңгеге дейін 1,7%-ға өсті (жыл басынан өсім 6,9%), шетел валютасындағы кредит көлемі 3742,0 млрд. теңгеге дейін 2,4%-ға төмендеді (жыл басынан бері өсім 11,5%). Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 68,5%-дан 69,4%-ға дейін өсті.

Ұзақмерзімді кредиттеу 2014 жылғы қыркүйекте 1,5%-ға өсіп, 9937,8 млрд. теңге құрады, қысқамерзімді кредиттеу 2290,4 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға төмендеді. Ұзақмерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,4%-дан 81,3%-ға дейін өсті.

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2014 жылғы қыркүйекте 8203,7 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға көтерілді, жеке тұлғаларға кредиттер 4024,6 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы алдыңғы айдағы деңгейде (32,9%) қалды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2014 жылғы қыркүйекте 1699,7 млрд. теңгеге дейін 4,7%-ға өсті (жыл басынан бері өсім 32,4%), бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 13,9%-ын құрайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға берілген кредиттерінің ең қомақты сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,6%), құрылыс (10,9%), өнеркәсіп (10,9%), ауылшаруашылығы (3,6%) және көлік (3,4%) сияқты салаларға тиесілі.

2014 жылғы қыркүйекте банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,1% (2014 жылғы тамызда – 10,2%), жеке тұлғаларға – 18,5% (18,8%) болды.

8. Экономиканың нақты секторының кәсіпорындарына 2014 жылғы

3-тоқсанда жүргізілген мониторингтің нәтижелері туралы

2014 жылғы қазанда экономиканың нақты секторындағы ахуалды бағалау мақсатында 2014

жылғы 3-тоқсан бойынша кәсіпорындардың кезекті мониторингі жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын білдіретін мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны 2014 жылғы 2 тоқсандағы пікіртеріммен салыстырғанда 2718-ден 2738-ге дейін, оның ішінде орта және ірілері – 1577-ге дейін ұлғайды.

2014 жылғы 3-тоқсанда теңгенің АҚШ долларына, еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінен шаруашылық қызметіне теріс ықпалын сезінген кәсіпорындардың үлесі тиісінше 27%-ға, 18,3%-ға және 19,3%-ға дейін азайды. Теңгенің осы валюталарға қатысты бағамы өзгеруінен шаруашылық қызметіне ықпалын сезінбеген кәсіпорындардың үлесі тиісінше 52,5%, 58,2% және 54,9% болды.

2014 жылғы 3-тоқсанда кредит алған кәсіпорындардың үлесі 20,2%-ға дейін

(2014 жылғы 2-тоқсандағы 20,7%) аздап ұлғайды, ал банктердің кредиттері бойынша берешегі бар кәсіпорындар саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда ұлғайып, 38,1%-ды құрады. 2014 жылғы 4-тоқсанда кредит алуға кәсіпорындардың 23,7%-ы ниетті

(2014 жылғы 3-тоқсанда - 24,6%).

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі біршама бәсеңдеді: инвестицияларды қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі (36,5%-ға дейін) шамалы өсті, осы мақсатқа меншікті қаражатын және банктердің кредиттерін пайдаланған кәсіпорындардың үлесі (тиісінше 57,9%-ға және 5,3%-ға дейін) төмендеді.

Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейі аздап төмендеп, 11,7% болды, ал шетел валютасымен берілген кредиттер – 2014 жылғы 2-тоқсандағы 8,5%-дан 8,8%-ға дейін өсті.

Жалпы алғанда нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өніміне сұраныстың өскені байқалады, бірақ қарқыны баяулады: кәсіпорындардың 21,6%-ы (2014 жылғы 2-тоқсанда – 23,2%) сұраныстың ұлғайғанын, респонденттердің 18,5%-ы (2014 жылғы 2-тоқсанда – 19,7%) сұраныстың төмендегенін атап өтті.

«Ақпарат және байланыс» және «өңдеуші өнеркәсіп» сияқты салаларда сұраныстың өсімі барынша баялағаны байқалды. Сұраныс «көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» және «тұру және тамақтану бойынша қызметтер» сияқты салаларда төмендеуде. «Тау-кен өнеркәсібі», «көлік және қоймаға жинау» және «электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау» салаларында 2014 жылғы 2-тоқсанда байқалған сұраныстың төмендеуі аяқталды. «Құрылыс» және «ауыл, орман және балық шаруашылығы» салаларында сұраныстың өсімі жалғасты.

2014 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша, жалпы нақты сектор бойынша, дайын өнімге деген сұраныс айтарлықтай өседі, бірақ болар-болмас өсу үстінде қалады.

Жалпы алғанда нақты сектор бойынша кәсіпорындардың дайын өнімдері бағасының өсуі 2014 жылғы 3-тоқсанда баяулады. Баға өсуінің барынша айтарлықтай бәсеңдеуі «көтерме және бөлшек сауда...», «өңдеуші өнеркәсіп» және «құрылыс» салаларында орын алды. Бағаның барынша төмендеуі «тау-кен өндіру өнеркәсібі» саласында болды.

2014 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың – тұтынушылық өнімдер мен қызметтерді өндірушілердің дайын өнімдері бағасының (бұдан әрі – тұтынушылық өнім мен қызмет бағасы) өсуі де баяулады.

2014 жылғы 4-тоқсанда тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша дайын өнім бағасының өсуі біраз баяулайды деп күтіледі. Баға өсуінің барынша баяулауы «электрмен қамту, газ, бу беру...», «көтерме және бөлшек сауда...», «құрылыс», «сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау», «өңдеу өнеркәсібі» салаларында күтіледі. Бағалардың өсуі «тау-кен өндіру өнеркәсібі» саласында күтілуде.

2014 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша тұтынушылық өнім мен қызмет бағасының қарқыны біраз төмендей отырып, бірқалыпты өсуін жалғастырады.

2014 жылғы 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағасының өсуі баяулады. Бағаның өсу қарқынының айтарлықтай баяулауы «өңдеу өнеркәсібі», «көтерме және бөлшек сауда...», «ауыл, орман және балық шаруашылығы» салаларында байқалды.

2014 жылғы 3-тоқсанда бағалардың төмендеуін күтетін кәсіпорындар үлесі 1,8%-дан 0,8%-ға дейін азайды.


Жалпы нақты сектордың қаржылық жағдайы 2014 жылғы 3-тоқсанда біраз жақсарды: рентабельділігі төмен және шығынды кәсіпорындардың үлесі 20,6%-ға дейін (2014 жылғы 2-тоқсанда 22%) азайды, орта және жоғары рентабельді кәсіпорындардың үлесі 79,4%-ға дейін (2014 жылғы 2-тоқсанда 78%) ұлғайды.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезеңсоңындағы ресми бағам	Орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
20.10-24.10	180,87	181,26	0,22	3 149,45
27.10-31.10	180,87	180,87	-0,22	1 429,35
03.11-07.11	180,87	180,87	0,00	1 348,80
03.11.2014	180,87	180,87	0,00	347,80
04.11.2014	180,87	180,87	0,00	153,50
05.11.2014	180,87	180,87	0,00	217,20
06.11.2014	180,87	180,87	0,00	319,20
07.11.2014	180,87	180,87	0,00	311,10
10.11-14.11	180,87	180,87	0,00	1 431,70
10.11.2014	180,87	180,87	0,00	364,10
11.11.2014	180,87	180,87	0,00	114,00
12.11.2014	180,87	180,87	0,00	259,30
13.11.2014	180,87	180,87	0,00	291,70
14.11.2014	180,87	180,87	0,00	402,60


* - өткен кезеңге өзгерістер.



2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезендегі орташа алынған тиімді кірістілік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
08.09-12.09	0,71	84,85	7,12	12,1
15.09-19.09	0,92	98,89	7,10	36,2
22.09-26.09	3,60	98,51	8,07	141,9
29.09-03.10	-	-	-	-
06.10-10.10	-	-	-	-
13.10-17.10	-	-	-	-
20.10-24.10	-	-	-	-
27.10-31.10	-	-	-	-
03.11-07.11	-	-	-	-
10.11-14.11	-	-	-	-
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
08.09-12.09	-	-	-	-
15.09-19.09	-	-	-	-
22.09-26.09	1,0	100,0	3,27	9,9
29.09-03.10	0,8	100,0	3,35	7,9
06.10-10.10	0,50	100,0	3,27	5,0
13.10-17.10	1,04	96,0	3,27	10,0
20.10-24.10	-	-	-	-
27.10-31.10	-	-	-	-
03.11-07.11	-	-	-	-
10.11-14.11	0,60	100,0	3,27	6,0



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақмерзімді	орташамерзімді	қысқамерзімді	
29.08.14	4 031 866,72	3 429 449,71	569 108,02	14 151,32	22 815,00
05.09.14	4 037 619,66	3 435 202,65	567 434,69	14 151,32	20 831,00
12.09.14	4 068 682,96	3 466 265,95	567 434,69	14 151,32	20 831,00
19.09.14	4 094 224,30	3 478 679,85	580 562,13	14 151,32	20 831,00
26.09.14	4 165 909,23	3 535 318,52	585 688,38	14 151,32	30 751,00
03.10.14	4 241 178,23	3 615 418,52	585 688,38	1 384,33	38 687,00
10.10.14	4 243 162,23	3 615 418,52	585 688,38	1 384,33	40 671,00
17.10.14	4 250 186,23	3 615 418,52	585 688,38	1 384,33	47 695,00
24.10.14	4 246 218,23	3 615 418,52	585 688,38	1 384,33	43 727,00
31.10.14	4 246 218,23	3 615 418,52	585 688,38	1 384,33	43 727,00
07.11.14	4 229 113,51	3 615 418,52	575 526,66	1 384,33	36 784,00
14.11.14	4 216 997,51	3 601 318,52	575 526,66	1 384,33	38 768,00

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2005 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	6,691
10.11.2014	4,846
11.11.2014	4,81
12.11.2014	4,824
13.11.2014	4,709
14.11.2014	4,704
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-1,987</i>
<i>апта үшін</i>	<i>-0,142</i>




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %
03.11-07.11	254,0	3 161,3	-7,9	349,0	97, 3	-16,0
10.11-14.11	260,7	3 893,0	23,1	359,1	103,2	6,1

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	07.11.2014	14.11.2014	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
Dow Jones	17 573,93	17 634,74	0,35%	73,96%
Nikkei 225	16 880,38	17 490,83	3,62%	65,91%
DAX	9 291,83	9 252,94	-0,42%	79,32%
FTSE	6 567,24	6 654,37	1,33%	28,00%
Hang Seng	23 550,24	24 087,38	2,28%	110,71%




Бағам	Мәні		Өзгеруі	
	07.11.2014	14.11.2014	кезең үшін	2001 ж. желт. Бастап
USD/JPY	114,60	116,29	1,47%	-11,30%
GBP/USD	1,5869	1,5669	-1,26%	7,97%
EUR/USD	1,2455	1,2525	0,56%	41,45%
USD/RUR	45,19	46,12	2,08%	51,25%

Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатысты бағамдары



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		07.11.2014	14.11.2014	кезең үшін	2001 ж. желт. Бастап
алтын	тр.ун.	1178,0	1188,8	0,91%	329,69%
мыс	метр.тонна	6 790,0	6 777,5	-0,18%	364,07%
мырыш	метр.тонна	2 240,8	2 252,3	0,51%	191,93%
мұнай	баррель	82,38	78,26	-5,00%	285,52%
астық	тонна	188,86	205,12	8,61%	103,37%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орналас- тыр- ылған депозиттер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)	Орна- ла- стырыл- ған депозит- тер көлемі *	Орташа алынған сыйақы ставкасы (%)
13.10.14-17.10.14								
KZT	140 500 000	3,63	500 000	9,00	4 990 000	9	0	0,00
USD	35 050	0,36	0	0,00	2 231 543	0,06	2 000	10,00
EURO	500	0,20	0	0,00	1 000	0,40	0	0,00
RUR	255 000	7,50	0	0,00	3 607 550	7,49	200 000	10,17
20.10.14-24.10.14								
KZT	55 400 000	6,52	1 100 000	9,00	3 945 000	23	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 931 985	0,05	3 200	12,00
EURO	0	0,00	0	0,00	600	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	3 170 700	7,83	0	0,00
27.10.14-31.10.14								
KZT	80 350 000	3,04	0	0,00	5 855 000	6	0	0,00
USD	6 000	0,83	0	0,00	2 557 983	0,04	87 000	0,35
EURO	0	0,00	0	0,00	800	0,40	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	3 264 900	8,29	0	0,00
03.11.14-07.11.14								
KZT	51 700 000	2,90	6 400 000	9,38	2 831 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 317 434	0,05	8 000	6,06
EURO	0	0,00	0	0,00	5 000	0,80	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	2 222 000	9,46	300 000	11,27


*- мың валюта бірлігі



1.1. Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)

Кезеңдер, валюталардың түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: резидент банктер
		(мың валюта бірлігі)	% *		
13.10.14- 17.10.14 USD RUB EUR	399 643 380 429 204	320 850 322 500 204	80,3 84,8 100,0	181,55 4,46 230,55	181,54 4,46 230,55
20.10.14- 24.10.14 USD RUB EUR	1 000 915 224 635 1 069	958 468 97 800 1 069	95,8 43,5 100,0	181,02 4,38 229,62	181,02 4,40 229,62
13.10.14- 17.10.14 USD RUB EUR	221 084 129 767 236	109 065 58 180 236	49,3 44,8 100,0	180,89 4,27 229,17	180,90 4,26 229,17
20.10.14- 24.10.14 USD RUB EUR	144 932 415 585 2 781	91 250 344 101 2 781	63,0 82,8 100,0	180,88 3,99 224,90	180,88 3,98 224,90

* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары

	18.11	19.11	20.11	21.11	22-24.11	25.11	26.11	27.11	28.11	Қараша
Австралия доллары	AUD	158,33	158,1	156,18	155,33	155,66	154,72	153,81	155,11	156,58
Әзірбайжан манаты	AZN	231,2	231,14	230,55	230,58	231,17	231,8	231,8	231,8	231,18
10 Армян драмы	AMD	4,36	4,35	4,35	4,34	4,33	4,19	4,19	4,19	4,34
100 Белорусь рублі	BYR	1,68	1,67	1,67	1,67	1,67	1,67	1,68	1,67	1,68
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	69,52	69,36	70,05	70,34	70,33	71,06	71,5	72,32	71,24
10 Венгер форинті	HUF	7,4	7,39	7,43	7,43	7,41	7,35	7,37	7,35	7,36
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	16,52	16,46	16,34	16,23	16,24	16,28	16,34	16,47	16,51
1 Гонконг доллары	HKD	23,32	23,33	23,32	23,32	23,32	23,32	23,32	23,33	23,33
Грузин лари	GEL	103,23	102,96	102,72	102,26	101,49	100,18	99,5	99,55	102,54
Дат кронасы	DKK	30,39	30,36	30,47	30,41	30,29	30,24	30,31	30,33	30,33
БАӘ дирхамы	AED	49,24	49,24	49,24	49,24	49,24	49,24	49,24	49,24	49,24
АҚШ доллары	USD	180,87	180,87	180,87	180,87	180,87	180,87	180,87	180,87	180,87
Еуро	EUR	226,18	225,94	226,74	226,32	225,38	224,93	225,49	225,58	225,65
Үнді рупиясы	INR	2,93	2,93	2,92	2,92	2,92	2,92	2,92	2,92	2,93
1000 Иран риалы	IRR	6,76	6,75	6,75	6,75	6,75	6,74	6,74	6,75	6,76
Канада доллары	CAD	160,13	160,49	159,54	159,3	159,78	160,05	160,43	160,52	159,72
Қытай юані	CNY	29,53	29,55	29,56	29,54	29,53	29,48	29,47	29,46	29,53
Қырғыз сомы	KGS	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14	3,14	3,15	3,14	3,14
Кувейт динары	KWD	621,33	621,55	621,33	621,55	621,97	621,12	621,33	621,55	621,82
Литва литі	LTL	65,54	65,47	65,68	65,58	65,28	65,17	65,33	65,36	65,38
Малайзия ринггиті	MYR	54,06	53,93	53,85	53,73	53,93	53,97	54,01	54,05	54,13
Мексика песосы	MXN	13,35	13,34	13,33	13,28	13,25	13,24	13,23	13,18	13,31
Молдова лейі	MDL	12,07	12	12,02	12,01	12,02	12,1	12,11	12,1	12,14
Норвег кронасы	NOK	26,77	26,78	26,8	26,59	26,72	26,61	26,53	26,35	26,61
Польша злотыйы	PLN	53,55	53,6	53,82	53,72	53,59	53,6	53,98	53,97	53,57
Ресей рублі	RUB	3,82	3,88	3,85	3,88	3,95	3,99	3,88	3,79	3,95
Сауд Аравиясының риялы	SAR	48,21	48,21	48,21	48,21	48,21	48,21	48,21	48,2	48,21
СДР	XDR	264,81	265,16	265,34	265,37	265,3	264,32	264,52	264,83	265,55
Сингапур доллары	SGD	139,4	139,46	138,8	138,95	139,2	138,87	138,99	139,37	139,65
Тәжік сомони	TJS	35,7	35,7	35,7	35,7	35,7	35,01	35,06	35,06	35,63
Таиланд баты	THB	5,52	5,52	5,51	5,51	5,52	5,51	5,52	5,52	5,52
1 түрік лирасы	TRY	81,14	81,44	81,37	80,93	81,27	81,14	81,37	81,62	80,97
100 Өзбек сумы	UZS	7,56	7,55	7,55	7,55	7,55	7,53	7,53	7,53	7,56
Украин гривнасы	UAH	11,66	11,66	11,98	11,98	11,98	12,06	12,06	12,06	12,45
Ағылшын фунт стерл.	GBP	282,86	283,08	282,19	283,01	282,84	283,69	284,15	285,11	285,58
Чех кронасы	CZK	8,17	8,17	8,2	8,18	8,15	8,16	8,18	8,19	8,16
Швед кронасы	SEK	24,45	24,43	24,48	24,42	24,39	24,3	24,35	24,38	24,42
Швейцар франкі	CHF	188,37	188,11	188,82	188,45	187,37	187,1	187,62	187,7	187,63
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	16,29	16,34	16,43	16,38	16,49	16,4	16,49	16,49	16,31
1 жапон йенасы	JPY	1,56	1,55	1,54	1,53	1,53	1,53	1,54	1,54	1,56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 27 тамыз

№ 167

*Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу
жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы*

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.
3. «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде өзінің ішкі құжаттарын осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне келісуге ұсынсын.
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 27 тамыздағы
№167қаулысымен
бекітілген

*Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін
жүргізу жөніндегі нұсқаулық*

1. Осы Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) және «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі (бұдан әрі – Инвестициялық қорлар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін (бұдан әрі – тізілімдер жүйесі) жүргізу тәртібін нақтылайды.

2. Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған, осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шот;

2) ақпараттық жүйе – ақпараттық-бағдарламалық кешен қолданыла отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

3) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі – бағалы қағаздарды ұстаушыларды, сондай-ақ

оларға тиесілі бағалы қағаздардың түрін және санын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін белгілі бір күндегі осы ұстаушылар туралы мәліметтердің жиынтығы;

4) бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты – бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) меншік иесі және (немесе) орталық депозитарий болып табылатын тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлғаға ашылған, мәмілелерді тіркеу мен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

5) жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған, орналастырылмаған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

6) исламдық бағалы қағаздар – исламдық жалға беру сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары;

7) операциялық күн – тіркеуші бұйрықтарды қабылдауды, өңдеуді, жеке шоттар бойынша операцияларды тіркеуді және ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

8) орналастырылған пайларды есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының жеке шоты – инвестициялық пай қорының айналыстағы орналастырылған пайларының санын есепке алу жүзеге асырылатын тізілімдер жүйесіндегі жеке шот;

9) ортақ өкілдің жеке шоты – бірнеше адамға меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) есепке алу жүзеге асырылатын тізілімдер жүйесіндегі ортақ меншік қатысушыларының ортақ өкіліне ашылған жеке шот;

10) сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – эмитентке тізілімдер жүйесінде ашылған, бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитент сатып алған, сондай-ақ Нұсқаулықтың 46, 47 және 56-тармақтарына сәйкес осы шотқа аударылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

11) тізілімдер жүйесіндегі операция – нәтижесі тізілімдер жүйесіне деректерді енгізу немесе оларды өзгерту және (немесе) тізілімдер жүйесінен ақпаратты дайындау және беру болып табылатын тіркеуші іс-әрекеттерінің жиынтығы;

12) тіркеуші – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;

13) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

14) ұстаушылары талап етпеген орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – ұстаушы (ұстаушылар) ақы төлеген, бірақ ұстаушы (ұстаушылар) тиісті бұйрықты (бұйрықтарды) ұсынбауына байланысты оның (олардың) жеке шотына (шоттарына) есепке алынбаған, орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін тізілімдер жүйесінде эмитентке ашылған жеке шот;

15) ішкі бақылау – тіркеушінің органдары және уәкілетті қызметкерлері жүзеге асыратын, тіркеушінің, оның бөлімшелері мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін қамтамасыз етуге, тіркеуші қызметінің нәтижелері туралы дәйекті есептілікті беруге, тіркеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасын және тіркеушінің ішкі құжаттарын сақтауына, сондай-ақ тіркеушінің органдарын және басшы қызметкерлерін тіркеушінің қызметіне тән тәуекелдер туралы уақтылы хабардар етуге бағытталған рәсімдер жиынтығы;

16) электрондық құжат – ақпараты электрондық цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

17) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық нышандар терімі;

18) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары – айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары;

19) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған бағалы

қағаздардың қайталама нарығында эмитент сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша оның міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есепке алу үшін тізілімдер жүйесінде эмитентке ашылған жеке шот.

3. Тіркеуші ішкі бақылауды тіркеушінің басқару органы бекіткен, мыналар:

- 1) ішкі бақылау объектісі;
- 2) тіркеушінің ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлеріне қойылатын талаптар;
- 3) тіркеушінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері жүзеге асыратын ішкі бақылау рәсімдері, оларды жүргізудің мерзімдері мен тәртібі;
- 4) тіркеушінің ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерінің тіркеушінің органдарын ішкі бақылаудың нәтижелері туралы хабардар етуінің тәртібі және мерзімдері айқындалатын өзінің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Тіркеушінің басқару органы ішкі аудит қызметін құруды қамтамасыз етеді және ішкі аудит қызметінің ішкі аудит саласындағы өз міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды.

Ішкі аудит қызметінің қызметі мәселелері бойынша тіркеушінің басқару органы бекіткен ішкі құжаттарында мыналар:

- ішкі аудит қызметінің құрамы, оның функциялары, міндеттері мен өкілеттіктері;
- ішкі аудитті жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптар;
- ішкі аудит объектісі;
- ішкі аудит қызметінің тексерістерді жүргізу ауқымы мен жиілігі;
- ішкі аудитті жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптар;
- ішкі аудит қызметінің тіркеушінің басқару органына тексерістердің нәтижелері туралы есептерді ұсыну мерзімдері мен нысандары айқындалады.

5. Тіркеушінің ішкі бақылауды және (немесе) ішкі аудитті жүзеге асыратын қызметкерлері ішкі бақылаудың және (немесе) ішкі аудиттің объектісі болып табылатын қызметтің түрлерін жүзеге асырмайды.

6. Тіркеушінің операциялық күні бір күн ішіндегі жұмыс уақытының кемінде жеті сағатын құрайды.

7. Тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) иеленушілерге не орталық депозитарийге жеке шоттар ашылады.

Жеке шотты ашу тіркеуші «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға)

және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заң) көзделген тиісті тексеру шараларын қабылдағаннан кейін жүргізіледі.

Тізілімдер жүйесінде орталық депозитарийге ашылған жеке шоттарда меншік құқығымен орталық депозитарийге тиесілі бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары), сондай-ақ клиенттерінің номиналды ұстауындағы бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) есепке алынады.

8. Тіркеушінің тізілімдер жүйесін қалыптастыру бойынша іс-әрекеті эмитент және бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушы ұсынған мәліметтерді қабылдаудан, тексеруден, өндеуден, тізілімдер жүйесіне енгізуден тұрады.

9. Тізілімдер жүйесін мынадай құжаттар құрайды:

- 1) операцияларды жүргізу бұйрықтары;
- 2) бұйрықтардың орындалуы туралы есептер (жүргізілген операциялар туралы хабарламалар);
- 3) бұйрықтарды орындаудан бас тартулар;
- 4) жеке тұлға болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың не заңды тұлға болып табылатын тіркелген тұлға берген осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген құжаттардың көшірмелері;
- 5) мүлікті сенімгерлік басқару шарттарының көшірмелері оларға енгізілген барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге;
- 6) тізілімдер жүйесінде операциялар жүргізілген Нұсқаулықтың 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-тармақтарында көрсетілген құжаттар;
- 7) эмитенттен (бұрынғы тіркеушіден) тіркеуші алған және тіркеуші шарттың қолданылу кезеңінде эмитентке жіберген құжаттар;
- 8) уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы (мемлекеттік емес облигацияларды, исламдық бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы) есептерді бекіту туралы хабарламаларының көшірмелері;
- 9) операцияларды тіркеу журналы;

- 10) келіп түскен құжаттарды тіркеу журналы;
- 11) эмитенттердің және тіркелген тұлғалардың бұйрықтарын есепке алу журналы;
- 12) сенімхаттарды есепке алу журналы;
- 13) жіберілетін құжаттарды тіркеу журналы;
- 14) мұрағатты жүргізу журналы;
- 15) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін құрайтын құжаттарды қабылдау-өткізу актілері.

10. Тізілімдер жүйесінде мынадай:

1) эмитент туралы, оның ішінде инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы және эмитенттің бағалы қағаздарының шығарылымдары туралы;

2) инвестициялық пай қорының атауы туралы;

3) тіркелген тұлғалар, олардың жеке шоттарының нөмірлері, бағалы қағаздарды ұстаушылар және олардың өкілдері туралы;

4) жеке шоттарда есепке алынатын бағалы қағаздардың түрі, саны, ұлттық сәйкестендіру нөмірі туралы;

5) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары туралы;

6) бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) сенімгерлік басқаруға берілген тұлғалар туралы;

7) тізілімдер жүйесінде жүргізілетін операциялар және оларды жүргізу негіздері туралы;

8) тізілімдер жүйесін құрайтын құжаттарды қабылдау және өткізу туралы;

9) тіркеуші бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу) бұйрығын орындаған жағдайда мәміленің сомасы туралы;

10) пайдасына бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғалар туралы және ауыртпалық салынған бағалы қағаздар бойынша оларға берілген құқықтар туралы мәліметтер қамтылады.

11. Тізілімдер жүйесінде эмитент туралы мынадай мәліметтер болады:

1) эмитенттің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық және қысқаша атауы;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған мемлекеттік органның атауы, сондай-ақ мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні және бар болса нөмірі, эмитенттің БСН-ы;

3) орналасқан жері, почталық мекен-жайы;

4) телефон, факс нөмірлері және басқа байланыс құралдары;

5) эмитенттің атқарушы органы басшысының және бас бухгалтерінің тегі, аты, бар болса – әкесінің аты.

12. Тізілімдер жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздары туралы мынадай мәліметтер болады:

1) бағалы қағаздар шығарылымдарының мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәліктің күні мен нөмірі (бұрын берілген куәліктердің күндері мен нөмірлерін көрсете отырып) және бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған тіркеуші органның атауы;

2) бағалы қағаздардың түрі, ұлттық бірегейлендіру нөмірі, шығару нысаны, оның ішінде бағалы қағаздарды айырбастау туралы ақпарат;

3) инвестициялық пай қорының пайларын қоспағанда, жарияланған бағалы қағаздар саны;

4) орналастырылған бағалы қағаздар саны;

5) облигациялардың (исламдық бағалы қағаздардың) номиналдық құны;

6) облигациялардың (исламдық бағалы қағаздардың) айналыс мерзімі және оларды өтеу күні;

7) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы (мемлекеттік емес облигацияларды, исламдық бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы) есептер бекітілген күн, бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептер бекітілген күн (есепті кезең аяқталған күн).

Тізілімдер жүйесін құрайтын мәліметтерге өзгерістер мен толықтыруларды эмитенттің тиісті құжаттарына оларды енгізген және (немесе) уәкілетті органнан бағалы қағаздардың шығарылымына, айналысына, өтелуіне және (немесе) жойылуына қатысты жаңа құжаттар алған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде эмитент тіркеушіге береді.

Эмитент тізілімдер жүйесін құрайтын, облигацияларды өтеу күні туралы мәліметтерге толықтыруларды облигациялардың осы шығарылымының проспектісінде облигацияларды өтеудің нақты күні болмаған жағдайда, облигацияларды өтеу күні айқындалғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде тіркеушіге береді.

13. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі шартты (бұдан әрі – шарт) жасау кезінде эмитент ұсынған құжаттар негізінде тіркеуші тізілімдер жүйесіне эмитент туралы мәліметтерді енгізеді және оған

жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шот және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шот ашады.

Инвестициялық пай қорының пайларын есепке алу үшін тіркеуші инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы ұсынған мынадай құжаттар негізінде орналастырылған пайларды есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының жеке шотын ашады:

жарғының көшірмесі;

инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының жеке шот ашуға бұйрығы;

пайлардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

инвестициялық пай қоры ережелерінің көшірмесі;

инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды жүргізуге арналған құжаттарға қол қою құқығы бар басқарушы компания өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері мен заңды тұлға мөрінің таңбасы бар, мынадай мәліметтер:

тіркеушінің атауы;

инвестициялық пай қорының атауы;

құжатқа қол қоюға құқық беретін басқарушы компанияның атауы;

басқарушы компания өкілінің лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжат деректері;

осы құжатта бар қол қою үлгілері тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоты бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатынына нұсқау қамтылатын құжаттар;

жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды жүргізуге арналған құжаттарды растау құқығы бар кастодиан өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері мен заңды тұлға мөрінің таңбасы бар, мынадай мәліметтер:

тіркеушінің атауы;

инвестициялық пай қорының атауы;

басқарушы компанияның атауы;

инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды жүзеге асыратын кастодианның атауы;

кастодиан өкілінің лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжат деректері;

осы құжатта бар қол қою үлгілері тіркелген

тұлғаның тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоты бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды растау кезінде міндетті болып саналатынына нұсқау қамтылатын құжаттар.

Осы тармақ тізілімдер жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды бұрынғы тіркеушілерден қабылдаған кезде тіркеушінің қызметіне қолданылмайды.

Эмитент туралы мәліметтерді тізілімдер жүйесіне енгізуді және оған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін жеке шот және сатып алған бағалы қағаздарды есепке алу үшін жеке шот ашуды бірыңғай тіркеуші Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7576 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие ұйымдардың бірыңғай тіркеушіге эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдері жүйелерін құрайтын мәліметтер мен құжаттарды беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 53 қаулысының және тіркеушінің қағидалар жинағының талаптарын ескере отырып жүзеге асырады.

14. Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмиссиялық бағалы қағаздарды эмитенттің жеке шотына есепке алуды тіркеуші эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі мен бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің көшірмесі негізінде жүзеге асырады.

15. Орналастырылған пайларды есепке алу үшін инвестициялық пай қорының жеке шотындағы пайлардың санын өзгерту кастодиан растаған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Орналастыру кезінде пайлар ұстаушының жеке шотына аударылады, пайлардың дәл осындай саны орналастырылған пайларды есепке алу үшін инвестициялық пай қорының жеке шотында көрсетіледі.

Сатып алу немесе айырбастау кезінде пайлар ұстаушының жеке шотынан есептен шығарылады, орналастырылған пайларды есепке алу үшін инвестициялық пай қорының жеке шотында орналастырылған пайлар санының азаюы көрсетіледі.

16. Тізілімдер жүйесінде жеке тұлғаға жеке шот ашуды тіркеуші мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырады:

1) жеке шот ашу бұйрығы;

2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (құжаттар почта байланысымен немесе курьер арқылы ұсынылған жағдайда) немесе инвестициялық пай қорының пайларын иеленуге өтінімнің көшірмесі қоса беріле отырып жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (басқарушы компания тіркеушіге пайларды иеленуге өтінім берген жеке тұлғаның атынан құжаттар берген жағдайда).

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жеке тұлғаға электрондық құжат нысанында жеке шот ашуға бұйрықты беру кезінде жеке тұлғаның электрондық бұйрығына осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

17. Заңды тұлғаға жеке шот ашуды тіркеуші мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырады:

1) жеке шотты ашуға бұйрық;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

3) жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды жүргізуге арналған құжаттарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері мен заңды тұлға мөрінің таңбасы бар құжатта мынадай мәліметтер болады:

тіркеушінің атауы;

заңды тұлғаның атауы;

заңды тұлға өкілінің лауазымы, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжат деректері;

осы құжатта бар қол қою үлгілері заңды тұлғаның жеке шоты бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатынына нұсқау.

18. Жеке тұлға немесе оның өкілі Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген жеке шот ашуға арналған құжаттарды тіркеушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде ұсынады не почта байланысымен немесе курьер арқылы жібереді.

Заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) оның өкілі Нұсқаулықтың 17-тармағында көрсетілген жеке шот ашуға арналған құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде ұсынады не почта байланысымен немесе курьер арқылы жібереді.

Басқарушы компанияға пайларды иеленуге өтінім берген тұлғаға жеке шот ашылған жағдайда, басқарушы компания егер бұл инвестициялық пай қорының қағидаларында көзделген болса, Нұсқаулықтың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тіркеушіге беруді жүзеге асырады.

19. Нұсқаулықтың 16 және 17-тармақтарының талаптары:

1) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) иеленуші - тіркелген тұлғаға, номиналды ұстау жүйесінде осы тұлғаға тиесілі бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) есепке алынған номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда, орталық депозитарийдің жеке шотты ашу жөніндегі бұйрығының және номиналды ұстаушыға оның клиенті номиналды ұстаудың есебін жүргізу жүйесінде жеке шотты ашу үшін ұсынған құжаттардың түпнұсқалары негізінде жеке шот ашқан кезде;

2) тіркеуші шоттың атқару парағын орындау мақсатында тіркелген тұлғаға жеке шот ашқан кезде;

3) қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған жағдайда тіркелген тұлғаға жеке шот ашқан кезде қолданылмайды.

Осы тармақтың ережелері тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоты болмаған жағдайда қолданылады.

20. Егер бағалы қағаздарға меншік құқығы бірнеше тұлғаға тиесілі болса, тізілімдер жүйесіндегі жеке шот олардың ортақ өкілінің жеке шот ашуға бұйрығы негізінде ортақ меншіктің барлық қатысушыларының оны сайлау туралы жазбаша келісімін қоса бере отырып ашылады.

Қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған кезде бірнеше тұлғаға тиесілі бағалы қағаздарға меншік құқығын есепке алу үшін тізілімдер жүйесінде жеке шот қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымының бұйрығы негізінде ашылады.

21. Жеке шотты ашу (жабу) бұйрығына жеке тұлға немесе оның өкілі не заңды тұлғаның, оның ішінде инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының өкілі қол қояды және онда мынадай мәліметтер болады:

1) заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса – әкесінің аты);

- 2) инвестициялық пай қорының атауы;
- 3) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері;
- 4) жеке тұлғаның туған күні;
- 5) заңды тұлғаны (инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясын) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың күні немесе заңды тұлғаны (инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясын) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің күні және нөмірі;
- 6) заңды тұлғаның (инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының) орналасқан жері, почталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), банк деректемелері;
- 7) жеке тұлғаның тұрғылықты жері, почталық мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), банк деректемелері (бар болса);
- 8) жеке тұлғаның салық резиденттігі туралы мәліметтер.

22. Нұсқаулықтың 19-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген орталық депозитарийдің бұйрығы Нұсқаулықтың 21-тармағының 1), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтиды.

23. Эмитентті, орталық депозитарийді және ортақ меншік қатысушыларының ортақ өкілін қоспағанда, тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде бір жеке шоты болады.

24. Тіркеуші жеке шотқа жеке нөмір береді. Жеке шотта:

- 1) жеке шот ашу бұйрығына сәйкес тіркелген тұлға;
- 2) бағалы қағаздардың саны, түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі;
- 3) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары;
- 4) ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары);
- 5) пайдасына бағалы қағаздарына ауыртпалық салынған (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) және ауыртпалық салынған бағалы қағаздар жөніндегі құқық тиесілі тұлғалар;
- 6) бұғатталған бағалы қағаздар саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары);
- 7) осы жеке шот бойынша жүргізілген операциялар;
- 8) тіркеушінің ішкі құжаттарында белгіленген

көлемдегі сенімгерлік басқарушы;

9) сенімгерлік басқаруға берілген бағалы қағаздар саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) туралы мәліметтер болады.

25. Номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарды есепке алу жүргізілетін орталық депозитарийдің жеке шотында Нұсқаулықтың 24-тармағының 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпарат көрсетілмейді.

26. Орналастырылған пайларды есепке алуға арналған инвестициялық пай қорының жеке шотында инвестициялық пай қорының, оның активтерін басқаруды жүзеге асыратын басқарушы компанияның атауы туралы ақпарат қамтылады және Нұсқаулықтың 24-тармағының 1), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпарат қамтылмайды.

27. Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда инвестициялық пай қорының жеке шоттарын басқару инвестициялық пай қорының кастодианына көшеді және тіркеушінің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне тиісті өзгерістер енгізу жолымен ресімделеді.

28. Жеке шотта жеке шот бойынша жүргізілген операциялар туралы мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) операция түрі;
- 2) оның жүргізілген күні және уақыты;
- 3) операцияны жүргізу негізі;
- 4) операцияға қатысқан жеке шоттардың нөмірлері;
- 5) бағалы қағаздардың саны, түрі, ұлттық сәйкестендіргіш нөмірі немесе оларға қатысты операция жүргізілген эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының саны және сәйкестендіргіші.

29. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде меншік иегерлерінің және эмитенттің бірдей құқығы мен міндеттерін куәландыратын бағалы қағаздардың бір түрі бойынша есепке алу жүзеге асырылады.

30. Бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарымен) мәмілелерді тізілімдер жүйесінде тіркеу жеке шоттар бойынша тиісті операцияларды жүргізу жолымен жасалады.

Айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі

міндеттемелері бойынша талап ету құқығын есепке алу осы эмиссиялық бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленген тәртіпте орталық депозитарий беретін сәйкестендіргіш бойынша тіркеуші жүзеге асырады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының сандық мәні (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оларды оқшаулау бойынша операциялар жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың санына сәйкес айқындалады.

31. Тіркеуші тізілімдер жүйесінде операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) жеке шоттар бойынша операциялар;
- 2) ақпараттық операциялар.

32. Жеке шоттар бойынша операцияларға мыналар жатады:

- 1) жеке шот ашу;
- 2) тіркелген тұлға, инвестициялық пай қоры немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы туралы мәліметтерді өзгерту;
- 3) бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу);
- 4) эмитенттің орналастырылған акциялары (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санының ұлғаюына байланысты тіркелген тұлғаның жеке шотында акциялар санының ұлғаюы туралы жазбаларды енгізу;
- 5) бағалы қағаздарға ауыртпалық салу (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) және ауыртпалық салуды алып тастау;
- 6) бағалы қағаздарды оқшаулау (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) және оқшаулауды алып тастау;
- 7) сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу және сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау;
- 8) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу);
- 9) эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акция-

ларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу;

10) эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу;

11) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою;

12) бағалы қағаздарды өтеу;

13) жеке шотты жабу.

33. Ақпараттық операцияларға мыналар жатады:

1) белгілі бір күнге және уақытқа бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін (акционерлердің тізімін) жасау және беру;

2) жеке шоттан үзінді-көшірмелер жасау және беру;

3) белгілі бір күнге және уақытқа эмитенттің ірі акционерлері туралы анықтама жасау және беру;

4) есептер, хабарламалар мен анықтамалар дайындау және беру.

Бұрынғы тіркеуші бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізген күнге тіркеуші беретін ақпарат пен құжаттар бұрынғы тіркеуші берген құжаттарға сәйкес жасалады және тек қана сот шешімінің негізінде өзгертілуі мүмкін.

34. Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) бұйрығында мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) бұйрықтың нөмірі және тіркелген күні;
- 2) бағалы қағаздар эмитентінің атауы;
- 3) инвестициялық пай қорының атауы;
- 4) мәмілеге қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 5) мәмілеге қатысатын тұлғалардың жеке шоттарының нөмірлері;
- 6) бағалы қағаздардың түрі, ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші;
- 7) операция жүргізуге арналған бағалы қағаздар саны;
- 8) бағалы қағаздарға қатысты белгілі бір іс-әрекеттер жасауға нұсқау;
- 9) мәміленің түрі;
- 10) мәміленің мәні болып табылатын бір бағалы қағаздың бағасы туралы мәліметтер (бар болса). Осы ақпарат бағалы қағаздарға ақы төлеу ақшамен жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесін жүзеге асыруға арналған бұйрықты беру кезінде міндетті тәртіппен көрсетіледі.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) бұйрығына мәмілеге қатысушы тұлға немесе оның өкілі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда орталық депозитарий қол қояды және егер мәміленің тарабы заңды тұлға болып табылса, мөрмен куәландырылады.

Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) пайларды есептен шығару (есепке алу) бұйрығына оның өкілі қол қояды, мөрмен расталады, сондай-ақ инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодиан бөлімшесінің басшысы қол қояды не кастодиан инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) пайларды есептен шығару (есепке алу) бұйрығын өзінің жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында растауын тіркеушіге жіберу жолымен растайды.

Тіркеушіге ұсынылатын бұйрықтардың, сондай-ақ басқарушы компанияның бұйрығын кастодиан растауының нысаны мен мазмұны тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында бұйрықтарды беру тәртібі мен талаптары, сондай-ақ олардың форматтары тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалады. Тіркеушінің орталық депозитариймен электрондық құжат айналымының форматтары екіжақты келісімдермен айқындалады.

35. Орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) саны ұлғайған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттары бойынша жарияланған акцияларды бөлу бұйрығында мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) бұйрықтың нөмірі және тіркелген күні;
- 2) бағалы қағаздар эмитентінің атауы;
- 3) тіркелген тұлға туралы мәліметтер;
- 4) тіркелген тұлғаның жеке шотының нөмірі;
- 5) бағалы қағаздардың түрі, ұлттық сәйкестендіру нөмірі;
- 6) орналастырылған акциялар санының

ұлғаюына байланысты жүргізілген операцияның пропорциясы (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде);

7) операция жүргізуге арналған бағалы қағаздар саны;

8) орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санын ұлғайтуға арналған нұсқау;

9) бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты мәліметтер.

Орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) саны ұлғайған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына жарияланған акцияларды бөлу бұйрығына эмитенттің уәкілетті адамы қол қояды және эмитенттің мөрімен куәландырылады.

36. Ортақ меншік қатысушыларының ортақ өкілінің жеке шоты бойынша операциялар жүргізілген жағдайда тіркеушіге ортақ меншіктің барлық қатысушыларының операция жүргізуге жазбаша келісімі ұсынылады.

37. Жеке шоттар бойынша операция жүргізу кезінде тіркеуші бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректеріне қарай мәмілеге қатысушылардың бұйрықтары мазмұнының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексереді және бұйрықтарға қойылған қолдардың жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қоюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері, заңды тұлғаның мөр таңбасы бар құжатта немесе мәміле тарабы болып табылатын жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта (түпнұсқасында немесе нотариалды куәландырылған көшірмесінде) көрсетілген қолдарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Тіркеуші электрондық құжат нысанында берілген бұйрықтар, өкімдер негізінде жеке шоттар бойынша операциялар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаларды тексереді.

38. Нұсқаулықтың 19-тармағына сәйкес ашылған жеке шоттар бойынша Нұсқаулықтың 32-тармағының 2), 3), 5), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген операциялар (мұраға қалдырған немесе заңды тұлға таратылған кезде бағалы қағаздар бойынша меншік құқығы ауысқан жағдайда бағалы қағаздарды бір жеке шоттан басқа жеке шотқа аударуды, басқарушы компанияның инвестициялық пай қоры қызметін тоқтатқан кезде пайлар-

ды есептен шығаруын қоспағанда) тіркелген тұлға жеке тұлға болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты не тіркелген тұлға заңды тұлға болып табылған жағдайда, Нұсқаулықтың 17-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген құжаттарды тіркеушіге бергенге дейін жүргізілмейді.

39. Тіркелген тұлға тіркеушіге:

1) жеке басын куәландыратын құжатты (жеке тұлға үшін);

2) Нұсқаулықтың 17-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды (заңды тұлға үшін) ұсынғанға дейін Нұсқаулықтың 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ашылған жеке шот бойынша тіркелген тұлғаның жеке шотына бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу операцияларын қоспағанда, Нұсқаулықтың 32-тармағының 2), 3), 5), 7) тармақшаларында көрсетілген операциялар жүргізілмейді.

40. Жеке шотта қамтылған тіркелген тұлға, инвестициялық пай қоры немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы туралы мәліметтерді өзгерту операциясын тіркеуші тіркелген тұлғаның немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының өздері туралы мәліметтерді өзгертуге бұйрығы және осы өзгерістерді растайтын құжаттар негізінде жүргізеді.

Басқарушы компания ұсынған, белгіленген тәртіппен пайларды ұстаушы қол қойған бұйрық негізінде пайларды ұстаушы болып табылатын тіркелген тұлға туралы мәліметтерді (жеке тұлғаның тегін, атын, бар болса – әкесінің атын және (немесе) заңды тұлғаның атауын өзгерту туралы мәліметтерді қоспағанда) өзгерту операциясын жүргізуге жол беріледі.

41. Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операцияларын тіркеуші эмиссиялық бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарымен) мәмілелерді тіркеу туралы қарсы бұйрықтарды және Нұсқаулықтың 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49-тармақтарында, 51-тармағының 1) және 3) тармақшаларында, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 65, 66 және 69-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес осы операцияны жүргізу үшін қажетті өзге құжаттарды алған кезде жүргізеді.

Егер мәміле тараптарының біріне оны жазау үшін осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілеттік берілген мемлекеттік органның рұқсаты (келісімі) талап етілетін болса, тіркеуші осындай келісімнің болуын растайтын құжатты сұратады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің талабы бағалы қағаздар сенімгерлік басқаруға берілген кезде тіркеуші бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жүргізетін операцияларға қатысты да қолданылады.

42. Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан оларға тиесілі, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 16-бабының 6-тармағына сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға жататын екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банктер) акцияларын есептен шығару және осы акцияларды уәкілетті органның шотына есепке жазу операциялары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3576 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 113 қаулысымен бекітілген Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату ережесінің 6-тармағында айқындалған тәртіпте қабылданған қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның шешімі негізінде тіркеледі.

43. Тіркеуші эмитенттің бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын эмитент уәкілетті органның эмитент жүргізген айырбастау туралы хабарламасының көшірмесін және мынадай құжаттардың бірінін:

1) эмитенттің жай акцияларына айырбасталатын эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің;

2) Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған банкті қайта құрылымдау жоспарының;

3) егер эмитент дәрменсіз борышкер болса, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспарының көшірмесін ұсынған кезде жүргізеді.

Тіркеуші эмитенттің тіркелген тұлғаларға

тиесілі бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан бағалы қағаздарды есептен шығару мен оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотына есепке жазу және жай акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотынан есептен шығару мен оларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке жазу жолымен эмитенттің бағалы қағаздарды айырбастау туралы жазбаларды енгізубұйрығы негізінде жүргізеді.

Тіркеуші эмитенттің кредиторлары алдындағы ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын жай акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотынан есептен шығару және оларды осы Нұсқаулықтың 16 және 17-тармақтарына сәйкес эмитенттің кредиторларына ашылған жеке шоттарға есепке жазу жолымен эмитенттің ақшалай міндеттемелерді айырбастау туралы жазбаларды енгізубұйрығы негізінде жүргізеді.

Орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша эмитенттің бағалы қағаздарын және кредиторлар алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастауға байланысты операцияларды жүргізгеннен кейін тіркеуші бір сағаттың ішінде оған бұл туралы хабарламаны және тізілімдер жүйесіндегі орталық депозитарийдің жеке шотынан көшірмені жібереді.

Тіркеуші олардың айырбасталуына байланысты сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотына есепке жазылған облигацияларды облигациялардың шығарылымын жою туралы куәліктің көшірмесі негізінде жояды.

44. Тіркеуші тіркелген тұлғаның Нұсқаулықтың 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ашылған жеке шотына бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу операцияларын орталық депозитарийдің жеке шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару және тіркелген тұлғаның Нұсқаулықтың 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ашылған жеке шотына есепке алуға арналған орталық депозитарий бұйрығы негізінде жүргізеді.

45. Тіркеуші эмитенттің бір түрдегі

орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу операциясын эмитент ұсынған бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесі және эмитенттің орналастырылған акцияларды айырбастау туралы жазбаларды енгізу бұйрығы негізінде мынадай жолмен жүргізеді:

1) айырбасталуға тиіс акцияларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан есептен шығару және оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотына есепке жазу;

2) орналастырылған акциялар айырбасталатын акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотынан есептен шығару және оларды акциялары айырбасталуға тиіс тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке жазу.

Орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастауға байланысты операцияларды жүргізгеннен кейін тіркеуші бір сағаттың ішінде жарияланған акциялар шығарылымының мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін және тізілімдер жүйесіндегі орталық депозитарийдің жеке шотынан үзінді көшірмені қоса бере отырып, орталық депозитарийге бұл туралы хабарламаны жібереді.

46. Эмитенттің жеке шоты бойынша ұстаушылары талап етпеген орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін мынадай операциялар жүзеге асырылады:

эмитент ұсынатын бұйрық және талап етілмеген эмиссиялық бағалы қағаздар орналастырылған тұлғалардың тізімі негізінде ұстаушылары талап етпеген орналастырылған бағалы қағаздарды есепке жазу;

бұрын ұсынылған тізімге сәйкес эмитенттің және жеке шотына бағалы қағаздар есепке жазылатын тұлғаның қарсы бұйрықтары негізінде эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына есепке жазу;

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асырған эмитенттің бұйрығы және эмитент жүргізген қайта құрылымдау шеңберінде ұстаушылары талап етпеген бағалы қағаздарға эмитенттің меншік құқығын (егер мұндай құқық эмитенттің қайта құрылымдау жоспарында көзделмеген болса) тану туралы

тиісті сот шешімі негізінде эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке жазу.

47. Егер эмитент Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес жүргізілген қайта құрылымдау процесін Нұсқаулық қолданысқа енгізілгенге дейін аяқтаса, онда осы қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған және ұстаушылары қайта құрылымдау процесі аяқталғанға дейін талап етпеген эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке жазу операциясын тіркеуші эмитенттің бұйрығы және осы бағалы қағаздарға эмитенттің меншік құқығын (егер мұндай құқық эмитенттің қайта құрылымдау жоспарында көзделмеген болса) тану туралы тиісті сот шешімі негізінде жүргізеді.

48. Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес жүзеге асырылатын эмитентті қайта құрылымдау шеңберінде шығарылған бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарына есепке жазу операциясы эмитенттің осы эмитентті қайта құрылымдау процесін жүзеге асыруға байланысты жойылған бағалы қағаздары ұстаушылардың жеке шоттарынан есептен шығарылғаннан кейін қайта құрылымдау жоспары болғанда эмитенттің бұйрығы және жеке шоттарына бағалы қағаздар есепке жазылатын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізімі негізінде жүзеге асырылады.

49. Орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санын ұлғайту операциясын тіркеуші эмитенттің берген жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмелері мен уәкілетті органның эмитентке берген, жарияланған акциялардың санын ұлғайту орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санын ұлғайту есебінен жүргізілгендігіне сілтеме жасалған ілеспелі хат, сондай-ақ тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотынан акцияларды аудару жолымен акцияларды эмитенттің тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына жарияланған акцияларды бөлу бұйрығы негізінде жүргізеді.

50. Орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша орналастырылған акциялардың (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санын ұлғайтуға байланысты операцияларды жүргізгеннен кейін тіркеуші бір сағаттың ішінде оған ілеспелі хатты, жарияланған акция-

лар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін және тізілімдер жүйесіндегі орталық депозитарийдің жеке шотынан көшірмені жібереді.

51. Акционерлік қоғам қайта ұйымдастырылған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операциясын қаржы ұйымдарын қоспағанда, тіркеуші:

1) акционерлік қоғамды бөлу жағдайында акционерлердің жалпы жиналысының бөлу туралы шешімі және эмитенттің қоғамдарды бөлу кезінде пайда болған жарияланған акцияларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттары бойынша бөлу бұйрығы негізінде жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан акцияларды есептен шығару және тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке алу жолымен;

2) акционерлік қоғам қосылу туралы шарт негізінде басқа қоғамға қосылған жағдайда және тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығаруға (есепке алуға) қарсы бұйрықтар алған кезде;

3) акционерлік қоғам бөлініп шыққан жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының бөлініп шығу туралы шешімі және эмитенттің қоғам бөлініп шыққан кезде пайда болған жарияланған акцияларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттары бойынша бөлу бұйрығы негізінде жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан акцияларды есептен шығару және тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке алу жолымен;

4) акционерлік қоғамдар біріктірілген жағдайда біріктіру туралы шарт негізінде және тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығаруға (есепке алуға) қарсы бұйрықтар алған кезде жүргізеді.

52. Қаржы ұйымдарын қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан/ шоттарына бағалы қағаздарды есептен шығару/ есепке жазу операциясы Нұсқаулықтың 53, 54, 55, 56-тармақтарында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Қаржы ұйымдарын қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарына ауыртпалық салынған және (немесе) сенімгерлік басқарудағы тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операциясы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздардан ауыртпалықты алу (эмитенттің

эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) және (немесе) сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау операцияларын жүргізу талабымен жүргізіледі.

Тіркеуші орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша Нұсқаулықтың 53, 54, 55 және 56-тармақтарында көзделген операциялар жүргізілгеннен кейін бір сағат ішінде оған ілеспе хатты, қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің көшірмесін және тізілімдер жүйесіндегі орталық депозитарийдің жеке шотынан үзінді көшірмені жібереді.

53. Қаржы ұйымдарын біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу) операциясын тіркеуші қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдарының акционерлері жалпы жиналысының шешімі, біріктіру туралы шарт, егер осындай қайта ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты талап етілетін болса, қаржы ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізуге уәкілетті органның рұқсаты және жаңадан құрылған қаржы ұйымының бұйрығы негізінде жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан акцияларды есептен шығару және оларды қайта ұйымдастырылған қаржы ұйымдарының тіркелген тұлғаларының жеке шоттарына есепке жазу жолымен жүргізеді.

54. Қаржы ұйымын басқа қаржы ұйымына қосу нысанында қаржы ұйымдарын қайта ұйымдастыру кезінде бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу) операциясын тіркеуші қайта ұйымдастырылатын қаржы ұйымдарының акционерлері жалпы жиналысының шешімі, қосу туралы шарт, егер осындай қайта ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты талап етілетін болса, қаржы ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізуге уәкілетті органның рұқсаты және қосу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының бұйрығы негізінде:

1) қосылатын қаржы ұйымының акцияларын кейіннен оларды жоя отырып тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан есептен шығару және оларды қосу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының жеке шотына есепке жазу; және

2) қосу жүзеге асырылатын қаржы ұйымының акцияларын жарияланған бағалы қағаздарды есеп-

ке алу үшін эмитенттің жеке шотынан және/немесе сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан есептен шығару және оларды бұрын қосылатын қаржы ұйымының акцияларын ұстаушылар болған тіркелген тұлғаларының жеке шоттарына есепке жазу жолымен жүргізеді.

55. Қаржы ұйымын бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу) операциясын тіркеуші акционерлердің жалпы жиналысының шешімі, бөлу балансы, егер осындай қайта ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты талап етілетін болса, қаржы ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізуге уәкілетті органның рұқсаты және бөлу нәтижесінде құрылған қаржы ұйымдарының бұйрықтары негізінде жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттердің жеке шотынан акцияларды есептен шығару және оларды қайта ұйымдастырылатын қоғамның тіркелген тұлғаларының жеке шоттарына есепке жазу жолымен жүргізеді.

56. Қаржы ұйымын бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операциясын тіркеуші акционерлердің жалпы жиналысының бөліп шығару туралы шешімі, бөлу балансы, егер осындай қайта ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты талап етілетін болса, қаржы ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүргізуге уәкілетті органның рұқсаты және жаңадан құрылған қаржы ұйымының (қаржы ұйымдарының) бұйрығы (бұйрықтары) негізінде жүргізеді.

57. Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг банктің жарияланған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда тіркеуші:

1) уәкілетті органның банктің жарияланған акцияларының санын өсіру туралы хабарламасы және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі негізінде жарияланған акцияларды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына бағалы қағаздарды есепке жазу операциясын;

2) жарияланған акцияларды есепке алу үшін эмитенттің шотынан жарияланған акцияларды есептен шығару операциясын және Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық мемлекеттік меншік иелігіне уәкілеттік бер-

ген мемлекеттік органның немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің көшірмесі негізінде ұлттық басқарушы холдингтің шотына осы акцияларды есепке жазу операциясын жүргізеді.

58. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) мұраға алу жағдайында тіркеуші тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операциясын мұрагер немесе оның өкілі берген тиісті бұйрығы, мұраға құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, мұрагер өкілінің өкілеттілігін растайтын құжаттар және тізілімдер жүйесінде мұрагердің жеке шоты болмаған жағдайда, Нұсқаулықтың 16 және 17-тармақтарында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізеді.

59. Нұсқаулықтың 60 және 69-тармақтарында көзделген операцияларды, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын қоспағанда, бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының міндеттемесіне байланысты бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бойынша құқықтарды шектеуді тіркеуші бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушының және пайдасына оларға ауыртпалық салу жүргізілетін тіркелген тұлғаның ауыртпалығы туралы қарсы бұйрықтары және бағалы қағаздарға ауыртпалық салу көзделетін шарттың түпнұсқасы немесе көшірмесі негізінде ауыртпалық салу операцияларын жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Нұсқаулықтың 60 және 69-тармақтарында көзделген операцияларды, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру

кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын қоспағанда, тіркеуші тізілімдер жүйесіндегі бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалықты алып тастау операциясын мәмілеге қатысқан тұлғалардың ауыртпалықты алып тастау туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді.

Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын жүргізу кезінде ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау операциялары Нұсқаулықтың 54-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 37-1-бабында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

60. Қазақстан Республикасының заңнамасында және кепіл туралы шартта көзделген жағдайларда кепіл беруші эмиссиялық бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бойынша құқық кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде кепілге салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) соттан тыс сату рәсімдерін жүргізу үшін кепіл ұстаушы (кепіл ұстаушының сенім білдірілген адамы) тіркеушіге кепіл берушінің міндеттемелерді орындамағаны туралы хабарлама береді.

Кепіл беруші хабарламадан туындайтын талаптарды қанағаттандырмаған жағдайда, бірақ оны кепіл берушіге жіберу кезінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес мерзімде кепіл ұстаушы (кепіл ұстаушының сенім білдірілген адамы) тіркеушіге кепілге салынған бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) сауда-саттық туралы хабарлама береді.

Кепілге салынған бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) құқықтың оларды соттан тыс сату нәтижесінде ауысуын тіркеу операциясын тіркеуші Нұсқаулықтың осы тармағының бірінші

және екінші бөліктерінде көрсетілген хабарламалар болғанда мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырады:

кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген адамының) ауыртпалықты алу бұйрығы;

кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген адамының) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл берушінің жеке шотынан есептен шығару және сатып алушының өзінің жеке шотына бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке жазу жөніндегі қарсы бұйрықтары;

сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда кепіл заты болып табылатын бағалы қағаздар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) кепіл ұстаушының меншігіне айналған кезде кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген адамының) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл берушінің жеке шотына есепке жазу бұйрығы;

сауда-саттық туралы хабарландырудың жергілікті баспада жариялануын растайтын құжаттың көшірмесі;

жоғарыда көрсетілген хабарламалардың кепіл берушіге тапсырылуын немесе олардың тапсырыс хаттармен кепіл шартында көрсетілген мекенжай бойынша жіберілуін растайтын құжаттардың көшірмесі;

сауда-саттық өткізу қорытындылары туралы (сауда-саттық өтпеді деп тану туралы) құжаттың көшірмесі.

61. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) оқшаулау және оқшаулауды алып тастау операциясын тіркеуші тізілімдер жүйесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 65-бабы 6-1-тармағының талаптарын ескере отырып жүргізеді.

Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңмен көзделген жағдайларда тіркеуші

тізілімдер жүйесінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) оқшаулау және оқшаулауды алып тастау операциясын терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесі негізінде жүргізеді.

Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңмен көзделген негіздер бойынша бұғаттауды жүзеге асыру кезінде хабарлама қаржы мониторингін жүзеге асыратын және Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шаралар қабылдайтын мемлекеттік органға жіберіледі.

62. Тіркеуші айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу міндеттемелерін орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелері немесе эмитенттің міндеттемелерді орындауы бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу операциясын талап ету құқықтарын беретін тіркелген тұлғаның жеке шотынан осы бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару және пайдасына осы бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беру жүргізілетін тұлғаның жеке шотына немесе эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттің міндеттемелері бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке жазу операциясын жүргізу жолымен талап ету құқықтарын беретін тіркелген тұлғаның және пайдасына талап ету құқықтарын беру жүргізілетін тұлғаның қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады. Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын тіркелген тұлғалардың шоттарынан (шоттарына) есептен шығару (есепке жазу) бұйрығында Нұсқаулықтың 34-тармағында көзделген мәліметтер қамтылады.

Тіркеуші тізілімдер жүйесінде эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беру бойынша операциялар жүргізілгеннен кейін не орталық депозитарийден номиналды ұстау жүйесінде эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын тіркеу бойынша жүргізілген операциялар туралы мәміле алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде эмитентке пайдасына талап

ету құқықтарын беру жүргізілген тіркелген тұлға туралы мәліметтерді көрсете отырып, жүргізілген операциялар туралы хабарламаны жібереді.

63. Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу операциясын тіркеуші сенімгерлік басқару құрылтайшысының және сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны сенімгерлік басқару құрылтайшысының жеке шотына енгізу туралы қарсы бұйрықтары және сенімгерлік басқару шарты негізінде жүргізеді.

Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастауды тіркеуші мыналарға байланысты мүлікті сенімгерлік басқару шарты тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, сенімгерлік басқару құрылтайшысы мен сенімгерлік басқарушы берген сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді:

сенімгерлік басқарушы-азаматтың қайтыс болуына, ол қайтыс болды деп жариялануға, ол әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі, хабарсыз жоғалып кетті деп танылуға; сенімді басқарушы заңды тұлғаның таратылуына байланысты, - сенімгерлік басқару құрылтайшысының бұйрығы негізінде;

сенімгерлік басқарушының сеніп тапсырылған мүлікті өзі басқаруының мүмкін болмауына байланысты сенімгерлік басқару құрылтайшысының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқару құрылтайшысының бұйрығы негізінде;

сенімгерлік басқарушының сеніп тапсырылған мүлікті өзі басқаруының мүмкін болмауына байланысты сенімгерлік басқарушының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының бұйрығы негізінде;

сенімгерлік басқарушыға, егер ол шартта көзделсе, шығындар мен сыйақыны төлеу талабымен құрылтайшының шартты орындаудан бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының бұйрығы негізінде;

сенімгерлік басқарушыға, егер ол шартта көзделсе, оған сыйақы төлей отырып, кепілмен ауыртпалық салынған мүлік басқаруға берілгені туралы оған хабарланбаған жағдайда сенімгерлік басқарушының бас тартуына байланысты - сенімгерлік басқарушының бұйрығы негізінде.

Сенімгерлік басқарушы туралы жазбаларды енгізу немесе алып тастау операциясын тіркеуші инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларды есепке алуға арналған жеке шоты бойынша жүргізбейді.

64. Банктер және банк қызметі туралы заңның

47-1-бабының 3-тармағында, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 53-1-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-3-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалған кезде тіркеуші қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке шотына сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу операциясын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органының қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды тағайындау туралы шешімі және сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны осы тіркелген тұлғаның жеке шотына енгізу туралы бұйрығы негізінде жүргізеді.

Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымының акциялары сатылған жағдайда, тіркеуші осы акцияларды олардың меншік иесі болған тіркелген тұлғаның жеке шотынан есептен шығару және осы акцияларды сатып алушының жеке шотына (жеке шоттарына) есепке жазу операциясын сенімгерлік басқарушының бұйрығы және Банктер және банк қызметі туралы заңның 17-1-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 72-1-бабында көзделген жағдайларда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банктік не сақтандыру холдингі) мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжат негізінде жүргізеді.

Тіркеуші сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын тіркелген тұлғаның жеке шотынан сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау операциясын сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны осы тұлғаның жеке шотынан алып тастау туралы бұйрығы негізінде жүргізеді.

65. Акциялар шығарылымы жойылған кезде тіркеуші уәкілетті органның акциялар шығарылымының жойылғаны туралы хабарламасын алғаннан кейін жойылу күніндегі акцияларды ұстаушылар тізілімін қалыптастырады және акцияларды олардың ұстаушыларының жеке шоттарынан және эмитенттің жеке шоттарынан бір мезгілде есептен шығару операцияларын жүргізеді.

Заңды тұлғаның таратылуына не қайта

ұйымдастырылуына байланысты жарияланған акциялар шығарылымының күші жойылған жағдайда тізілімдер жүйесін жүргізу тіркеуші мен эмитенттің арасында жасалған шарттың бұзылуын растайтын құжат негізінде тоқтатылады.

66. Облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу кезінде тіркеуші облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) оларды ұстаушылардың шоттарынан есептен шығару және оның облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындағанын растайтын эмитенттің (оригинатордың) хабарламасы негізінде сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу бойынша эмитенттің жеке шотына есепке алу операциясын жүргізеді.

67. Тіркеуші жеке шотты жабу операциясын жеке шотты жабу бұйрығы негізінде жүргізеді. Жеке шотты жабу кезінде клиентке тіркеушінің ішкі құжатымен белгіленген нысан бойынша тиісті хабарлама жіберіледі.

Тіркеуші Нұсқаулықтың 19-тармағына сәйкес ашылған жеке шотта бағалы қағаздарды жою немесе мұраға алу нәтижесінде барлық бағалы қағаздарды есептен шығарған күннен бастап алты ай ішінде бағалы қағаздар болмаған жағдайда оны жабады.

68. Эмитент тіркеушіге эмиссиялық бағалы қағаздарды өтеу міндеттемелерін осы бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде айқындалған орындау күнінен кейін 3 (үш) жұмыс күні өткен соң эмитенттің осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағанын растайтын хабарламаны ұсынбаған кезде тіркеуші эмитентке эмитенттің осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағанын (орындамағанын) растай отырып тиісті хабарлама ұсыну туралы сұрату жібереді.

Эмитент тіркеушіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сұратуды тіркеуші жіберген күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң тиісті хабарламаны ұсынбаған кезде не эмитент тіркеушіге осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша өзінің міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бергені туралы хабарламаны ұсынған кезде тіркеуші орталық депозитарийге мыналар:

эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шотындағы және эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шотындағы ай-

налыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздардың саны;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшауланған бағалы қағаздарды ұстаушылардың қосалқы шоттарындағы бағалы қағаздардың саны;

тіркеушінің сұратуында көрсетілген эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіпте тиісті сәйкестендіргіш бергені туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрату жібереді.

69. Орталық депозитарийден Нұсқаулықтың 64-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тіркеушінің сұратуына жауап ретінде мәліметтерді алғаннан кейін тіркеуші осы шығарылымның эмиссиялық бағалы қағаздарын оларды ұстаушылардың барлық жеке шоттарынан есептен шығаруды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде тізілімдер жүйесінде оқшаулау операциясы жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) және айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін ашылған эмитенттің жеке шотына есепке алуды жүзеге асырады. Осымен қатар тіркеуші эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын айналыс мерзімі аяқталған және ол бойынша эмитент осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық, сенімгерлік басқару) сақтай отырып оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар есептен шығарылатын ұстаушылардың жеке шоттарына есепке алуды жүзеге асырады.

Эмитенттің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоттарында айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздар болған жағдайда, тіркеуші оларды орталық депозитарийдің шотынан есептен шығаруды және эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоттарына есепке алуды жүзеге асырады.

70. Нұсқаулықтың 69-тармағында көрсетілген

барлық операциялар жүргізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде тіркеуші эмитентке, орталық депозитарийге, сенімгерлік басқарушыларға, сондай-ақ пайдасына айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған бағалы қағаздарға ауыртпалық салу жүзеге асырылған адамдарға тиісті хабарламалар (есептер) жібереді.

Егер эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың саны отыздан астам болса, тіркеуші Нұсқаулықтың 69-тармағында көрсетілген осындай ұстаушылардың жүргізілген операциялары туралы хабарламаны осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде өзінің ресми интернет-ресурсында тиісті ақпарат орналастыру арқылы жүзеге асырады.

71. Егер тіркеуші айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша бұдан бұрын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оларды оқшаулау операциясын жүргізген жағдайда, тіркеуші орталық депозитарийден эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына орталық депозитарийдің тиісті сәйкестендіргіш бергені туралы мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде актісі негізінде бағалы қағаздарды оқшаулау операциялары жүргізілген тиісті мемлекеттік органға осы бағалы қағаздар бойынша айналыс мерзімінің аяқталғаны және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамағаны және осы бағалы қағаздар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына ауыстырылуға жататыны туралы хабарлама жібереді.

Бұл ретте тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде эмиссиялық бағалы қағаздардан оқшаулауды алып тастау операциясын жүргізгеннен кейін осындай эмиссиялық бағалы қағаздарды оларды ұстаушылардың жеке шоттарынан есептен шығару және айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін ашылған эмитенттің жеке шотына есепке алу, сондай-ақ эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шоттарына есепке алу операцияларын жүргізеді.

Тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай

құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде эмиссиялық бағалы қағаздардан оқшаулауды алып тастау туралы хабарламаны орталық депозитарийден алғаннан кейін осындай эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстаушының жеке шотынан есептен шығару және айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін ашылған эмитенттің жеке шотына есепке алу, сондай-ақ осындай эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын номиналды ұстаушының жеке шотына есепке алу операциясын жүргізеді.

72. Эмитент айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушы алдындағы міндеттемелерді орындаған кезде, тіркеуші эмитенттің осындай бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын оның хабарламасы болған кезде Нұсқаулықтың 41-тармағында белгіленген тәртіпте осындай бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шотынан есептен шығару және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есеп алу бойынша эмитенттің жеке шотына есепке алу бойынша операцияны жүргізеді.

73. Облигациялар шығарылымы жойылған кезде, тіркеуші уәкілетті органның облигациялар шығарылымының жойылғаны туралы куәлігінің көшірмесін алғаннан кейін эмитенттің жеке шоттарынан осындай облигацияларды біржолғы есептен шығару операцияларын жүргізеді.

Айналыс мерзімі аяқталған облигациялар шығарылымы жойылған кезде тіркеуші уәкілетті орган берген осындай облигациялар шығарылымын жою туралы куәліктің көшірмесін алғаннан кейін айналыс мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан облигацияларды және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан осындай облигациялар бойынша талап ету құқықтарын біржолғы есептен шығару операцияларын жүргізеді.

74. Ақпараттық операцияны жүргізуді тіркеуші эмитенттің жазбаша өкімі, тіркелген тұлғаның, инвестициялық пай қоры кастодианының бұйрығы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік органдардың сұратулары негізінде жүзеге асырады.

Тіркеушінің ішкі құжаттарымен көзделген жағдайларда эмитенттің өкімі, тіркелген тұлғаның бұйрығы Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.

75. Миноритарлық акционердің өтініш беру және тіркеушінің акционерлердің жалпы жиналысына қарауға енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде миноритарлық акционерлер мен басқа акционерлер біріккен жағдайдағы осы акционерлік қоғамның басқа миноритарлық акционерлеріне ақпарат тарату тәртібі тіркеушінің басқа миноритарлық акционерлерді хабардар ету мерзімі және хабардар ету тәсілдері қамтылатын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу шартында және тіркеушінің қағидалар жиынтығында белгіленеді.

76. Бағалы қағаздар бойынша кірістерді есептеу, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу, акциялардың он және одан көп пайызына ие ұстаушылар туралы анықтаманы дайындау үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін немесе акционерлердің тізімін жасауды тіркеуші эмитенттің өкімінде көрсетілген күннің басында (00 сағат 00 минут) жүзеге асырады. Өзге жағдайларда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін, акционерлердің тізімін жасауды және (немесе) тізілімдер жүйесінен кез келген басқа ақпаратты дайындауды тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай ақпаратты алу құқығы бар тұлғалардың жазбаша сұратуы (электрондық құжат) негізінде, сұратуда көрсетілген күні және уақытта жүзеге асырады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін, акционерлердің тізімін жасау немесе жеке шоттан үзінді-көшірме жасау кезінде, сондай-ақ тізілімдер жүйесінен өзге ақпаратты берген кезде тіркеушінің бас офисі орналасқан сағаттық белдеудің уақыты қолданылады.

77. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі тіркеушінің ішкі құжаттарымен белгіленген нысан бойынша жасалады және онда мынадай мәліметтер болады:

1) эмитенттің мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) инвестициялық пай қорының атауы;

3) жарияланған бағалы қағаздардың саны;

4) орналастырылған бағалы қағаздардың саны;

5) эмитент сатып алған бағалы қағаздардың

саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары);

6) егер тізілім эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары бойынша жасалатын болса, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының саны;

7) бағалы қағаздардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі, эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш;

8) депозитарлық қолхаттарды ұстаушыларды қосқандағы мынадай мәліметтері бар орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер ашып көрсетілген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімі:

заңды тұлғалар-бағалы қағаздарды ұстаушылардың мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі мен күнін көрсете отырып, олардың атауы;

жеке тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін көрсете отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;

ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған және (немесе) сенімгерлік басқаруға берілген бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының) санын көрсете отырып, оларды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының) саны;

бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің орналастырылған және (немесе) дауыс беретін бағалы қағаздарының санына пайыздық арақатынасы;

9) тіркеушінің атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы;

10) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жасалған күні мен уақыты.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне тіркеушінің бірінші басшысы немесе тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес осыған уәкілеттік берілген өзге басшы қызметкер қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады.

78. Тіркеушінің Нұсқаулықтың 77, 80, 81 және 82-тармақтарында көрсетілген құжаттарды

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында жасауына және беруіне жол беріледі.

79. Инвестициялық пай қорының пайларды ұстаушылар тізілімінде Нұсқаулықтың 77-тармағының 3) және 5) тармақшаларында санамаланған мәліметтер көрсетілмейді.

80. Эмитенттің ірі акционерлері туралы анықтама тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) эмитенттің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) жарияланған акциялардың саны;

3) орналастырылған акциялардың саны;

4) эмитент сатып алған акциялардың саны;

5) акциялардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі;

6) депозитарлық қолхаттарды ұстаушыларды қоса алғанда, мынадай мәліметтерді қамтитын акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан астам пайызы тиесілі орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер ашып көрсетілген акцияларды ұстаушылардың тізімі:

заңды тұлғалар-акцияларды ұстаушылардың мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірін және күнін көрсете отырып, олардың атауы;

жеке тұлға-акцияларды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін көрсете отырып, акциялар ұстаушылардың тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;

ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған және (немесе) сенімгерлік басқаруға берілген бағалы қағаздардың санын көрсете отырып, акцияларды ұстаушыға тиесілі акциялардың саны;

акцияларды ұстаушыға тиесілі акциялар санының эмитенттің орналастырылған акцияларының санына пайыздық арақатынасы;

акцияларды ұстаушыға тиесілі акциялар санының эмитенттің дауыс беретін акцияларының санына пайыздық арақатынасы;

7) тіркеушінің атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы;

8) ірі акционерлер туралы анықтама жасалған күні мен уақыты.

Эмитенттің ірі акционерлері туралы анықтамаға тіркеушінің бірінші басшысы немесе тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес осыған уәкілеттік

берілген өзге басшы қызметкер қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады.

81. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін акционерлер тізімі тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) эмитенттің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) жарияланған акциялардың саны;

3) орналастырылған акциялардың саны;

4) эмитент сатып алған акциялардың саны;

5) акциялардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі;

6) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер ашып көрсетілген депозитарлық қолхаттар иегерлерін қоса алғанда, мыналар көрсетіле отырып, акционерлердің тізімі: заңды тұлғалар-акционерлердің мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірін және күнін көрсете отырып, олардың атаулары;

жеке тұлға-акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін көрсете отырып, жеке тұлғалар-акционерлердің тегі, аты, бар болса – әкесінің аты; ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған акциялардың санын көрсете отырып, акционерге тиесілі акциялар саны;

акционерге тиесілі дауыс беретін жай акциялар саны;

акционерге тиесілі артықшылықты акциялар саны;

7) тіркеуші тізілімдерінің жүйесінде орталық депозитарийдің жеке шотында есепке алынатын, номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иегеріне тиесілі акциялар саны;

8) акционерлердің тізімін жасау мақсаты;

9) тіркеушінің атауы, оның заңды мекен-жайы, телефоны, факсы;

10) акционерлердің тізімі жасалған күні мен уақыты;

11) эмитенттің өкіміне сәйкес өзге де мәліметтер.

Бағалы қағаздар бойынша кірістерді есептеуге арналған акционерлер тізілімі тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес жасалады және тіркеушіде осы мәліметтер болса, акционерлердің банктік деректемелері туралы мәліметтер мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес акционерге берілген салық салу бойынша жеңілдіктердің болуы туралы мәліметтерді қамтиды.

Акционерлер тізіміне өзге мақсаттар үшін эмитент сұрататын ақпарат қосымша енгізіледі.

Акционерлер тізіміне тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес бірінші басшы немесе осыған уәкілеттік берілген өзге басшы қызметкер қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады.

82. Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірме Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жеке шоттың атауы және нөмірі;

2) бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер:

заңды тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі мен күнін көрсете отырып, оның атауы;

жеке тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелерін көрсете отырып, тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;

3) эмитенттің атауы және орналасқан жері (инвестициялық пай қорының пайлары туралы мәліметтерді көрсеткен кезде, эмитентті көрсетуден өзге инвестициялық пай қорының атауы көрсетіледі);

4) бағалы қағаздардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын сәйкестендіргіш;

5) облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу күні;

6) ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған және (немесе) сенімгерлік басқаруға берілген бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) санын көрсете отырып, бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) белгілі бір түрінің жалпы саны;

7) бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің орналастырылған және (немесе) (дауыс беретін) бағалы қағаздарының санына пайыздық арақатынасы;

8) тіркеушінің атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы;

9) жеке шоттан үзінді-көшірме

қалыптастырылған уақыты мен күні.

Жеке шоттан үзінді-көшірмеге тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес бірінші басшы немесе осыған уәкілеттік берілген өзге басшы қызметкер қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады.

83. Тіркеуші орталық депозитарийден және эмитенттен қажетті ақпаратты ақпараттық операцияны жүргізу бұйрығын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей сұратады.

Орталық депозитарий және (немесе) эмитент көрсетілген ақпаратты ұсынбаған жағдайда, тіркеуші ұсынатын мәліметтерге ұсынылған ақпараттың тізілімдер жүйесін құрайтын мәліметтер негізінде жасалғаны туралы жазба енгізіледі.

84. Тізілімдер жүйесінде операция жүргізу мерзімі тіркеуші немесе тіркеушіге трансфер-агент қызметтерін көрсететін ұйым ұсынылған құжаттарды тіркеген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

85. Мәмілені тізілімдер жүйесінде тіркеу уақыты тіркеушінің Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 36-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру уақыты болып табылады.

86. Мынадай операцияларды:

Инвестициялық қорлар туралы Заңның 23-бабының 6-тармағында белгіленген мерзімде иеленушінің жеке шотына пайларды есепке алу;

Нұсқаулықтың 76 және 87-тармақтарында көрсетілген;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жүргізілу талаптарын қосымша тексеру талап етілетін операцияларды жүргізуді қоспағанда, тіркеуші жеке шот бойынша операцияны және ақпараттық операцияны күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жүргізеді. Осындай операцияларды жүргізу 6 (алты) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

87. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін немесе акционерлер тізімін беруді тіркеуші, егер бағалы қағаздар номиналды ұстауға берілмеген болса, ол жасалған күннен бастап жиырма төрт сағаттан кеш емес мерзімде жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар бойынша кірістерді есептеу үшін акционерлер тізімін беруді тіркеуші ол жасалған күннен бастап жиырма төрт сағаттан кеш емес мерзімде жүзеге асырады.

Егер бағалы қағаздар номиналды ұстауға берілген жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу немесе бағалы қағаздары номиналды ұстаудағы акционерлер туралы өзге ақпаратты

ұсыну үшін бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін немесе акционерлер тізілімін беруді тіркеуші ол жасалған күннен бастап күнтізбелік жиырма сегіз күннен кеш емес мерзімде жүзеге асырады.

88. Клиенттің бұйрығын орындаудан бас тартуға негіздер болмаған жағдайда тіркеуші Нұсқаулықтың 86-тармағында белгіленген мерзімде бұйрықтың орындалуы туралы есепті жасайды және оны жіберілетін құжаттар журналында тіркейді.

Бұйрықтардың орындалуы туралы есеп клиентке почта арқылы жіберіледі не клиенттің немесе оның заңды өкілінің қолына беріледі не Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.

Бұйрықтардың орындалуы туралы есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы адам немесе тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады.

89. Тіркеуші бұйрықты алған кезден бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде мынадай жағдайларда:

1) бұйрықтардағы қойылған қолдардың жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері, заңды тұлға мөрінің таңбасы бар құжатта немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қол қою үлгілеріне сәйкес келмегенде;

2) операция жасау бұйрығы алынған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрық ұсынылмағанда;

3) Нұсқаулықтың 34-тармағында белгіленген тәртіппен басқарушы компанияның пайларды есептен шығару (есепке алу) бұйрығымен бір мезгілде (бір жұмыс күні ішінде) инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодианның растауы ұсынылмағанда;

4) бұйрықтардың деректемелері тіркеушінің қағидалар жинағында белгіленген деректемелерге немесе жеке шот деректемелеріне сәйкес келмегенде;

5) жеке шотта қажетті бағалы қағаздар саны болмағанда;

6) тізілімдер жүйесінің деректері негізінде мәміле жасау нәтижесінде Қазақстан

Республикасының заңнамасын бұзғанда;

7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда клиент мәміленің тіркелуі үшін белгіленген мерзімде осындай мәмілені жасауға осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілетті мемлекеттік органның берген келісімін (рұқсатын) растайтын құжатты ұсынбағанда;

8) тиісті мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімі болғанда;

9) Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот оқшауланғанда;

10) Нұсқаулықтың 60 және 69-тармақтарында көзделген операцияларды, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктерді қосу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынғанда;

11) Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 13-бабында көзделген жағдайларда;

12) тіркеушінің ішкі құжатында көзделген жағдайларда оның орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша бас тартуды ресімдейді.

Бұйрықты орындаудан бас тартуға бірінші басшы немесе оның орнындағы адам немесе тіркеушінің ішкі құжаттарына сәйкес тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және тіркеушінің мөрімен расталады не Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жүргізілу талаптарын қосымша тексеру талап етілетін операцияларды жүзеге асыруға арналған бұйрықты орындаудан бас тартуды дайындау кезінде осындай бас тартуды дайындау 6 (алты) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

90. Шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тіркеушінің ішкі құжаттарына және тіркеушінің шаруашылық серіктестікпен жасаған шартына

сәйкес жүзеге асырылады.

91. Тіркеушіге келіп түскен құжаттар келіп түскен құжаттарды тіркеу, эмитенттердің және тіркелген тұлғалардың бұйрықтарын есепке алу, сенімхаттарды есепке алу журналдарында тіркеледі. Тіркеуші құжатты қабылдағаннан кейін (ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжаттар қабылдау жағдайларын қоспағанда) өтініш білдірген тұлғаға қабылдаған күнін (уақытын) және құжатты қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырған тіркеуші қызметкерінің тегін, атын, бар болса – әкесінің атын көрсете отырып, оны қабылдау фактісін растайтын құжат береді.

92. Тіркеуші берген құжаттар жіберілетін құжаттарды тіркеу журналында тіркеледі.

93. Тізілімдер жүйесін құрайтын мәліметтердегі өзгерістер тіркеушінің тиісті ішкі есеп журналдарында тіркеледі.

94. Орындалуы туралы белгісі бар құжаттар тіркеушінің мұрағатына өткізіледі, олар мұрағат жүргізу журналында тіркеледі. Құжаттарды мұрағат жүргізу журналында тіркеу кезінде олардың тұтастығы, парақтары мен данасының саны, сондай-ақ олардың қосымшалары тексеріледі.

95. Тізілімдер жүйесін құрайтын мынадай құжаттар кемінде бес жыл сақталуға тиіс (мерзім бағалы қағаздарды ұстаушының осындай болуы тоқтаған немесе тіркеуші мен эмитент арасында жасалған шарт бұзылған күннен бастап есептеледі):

- 1) операцияларды жүргізу бұйрықтары;
- 2) бұйрықтардың орындалуы туралы есептер;
- 3) бұйрықтарды орындаудан бас тартулардың көшірмелері;
- 4) тізілімдер жүйесінде операциялар жүргізілген Нұсқаулықтың 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 36, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-тармақтарында көрсетілген құжаттар;
- 5) шарттың қолданылу кезеңінде тіркеуші эмитенттен (бұрынғы тіркеушіден) алған және тіркеуші эмитентке жіберген құжаттар;
- 6) операцияларды тіркеу журналы;
- 7) келіп түскен құжаттарды тіркеу журналы;
- 8) эмитенттердің және тіркелген тұлғалардың бұйрықтарын есепке алу журналы;
- 9) сенімхаттарды есепке алу журналы;
- 10) жіберілген құжаттарды тіркеу журналы;
- 11) мұрағатты жүргізу журналы;
- 12) тізілімдер жүйесіне енгізілген мәліметтер

жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде көрсетілгенін растайтын құжаттар.

96. Тізілімдер жүйесін құрайтын электрондық және (немесе) қағаз тасымалдағыштардағы мәліметтер жоғалған немесе жойылған жағдайда тіркеуші:

бір жұмыс күні ішінде бұл туралы эмитентке, уәкілетті органға және орталық депозитарийге хабарлайды;

тізілімдер жүйесін құрайтын қағаз тасымалдағыштардағы мәліметтерді қалпына келтіру мақсатында Тіркеушінің ішкі құжаттарында тізбесі айқындалатын баспасөз басылымдарында мүдделі тұлғалардың құжаттарды беру қажеттігі туралы ақпаратты жариялайды;

тізілімдер жүйесін құрайтын электрондық тасымалдағыштардағы мәліметтерді қалпына келтіру мақсатында тіркеуші орталық депозитарийге өзіне тіркеуші жүргізетін тізілімдер жүйесінің жоғалған немесе жойылған мәліметтерін көрсететін орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі мәліметтерді беру туралы сұрау салу жібереді;

жоғалған немесе жойылған деректерді олардың жоғалған немесе жойылған күнінен бастап екі апта ішінде қалпына келтіреді.

97. Тіркеуші эмитент берген бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік және эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді бекіту және (немесе) бағалы қағаздардың орналастырылмағаны туралы ақпараттың назарға алынғаны туралы уәкілетті орган хаттарының көшірмелері негізінде Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 24-бабының 2-тармағында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органға ұсыну мерзімдерін дербес есептейді.

98. Тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті уәкілетті органға ұсыну мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей көрсетілген есептерді уәкілетті органға ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны қызмет көрсетілетін эмитенттерге жібереді.

99. Эмитент уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бір мезгілде жіберумен тіркеушіге бұл туралы хабарлама жібереді.

Егер Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 24-бабының 2-тармағында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру

қорытындылары туралы есепті уәкілетті органға ұсыну мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң тіркеушіге эмитент осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны ұсынбаса, тіркеуші келесі жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

100. Тіркеушінің клиенттері трансфер-агенттің қызметін пайдаланған жағдайда тіркеушіге ақпаратты тіркеушінің ішкі құжаттарында

айқындалған нысандары бойынша береді.

Нұсқаулықтың 77 және 81-тармақтарында көзделген ақпарат тіркеушінің клиенттеріне тіркеушінің ішкі құжаттарында айқындалған нысандар бойынша ұсынылады.

Нұсқаулықтың 82-тармағында көзделген ақпарат тіркеушінің клиенттеріне Нұсқаулықтың қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар
тізілімдерінің жүйесін жүргізу
жөніндегі нұсқаулыққа
қосымша

Нысан

20 ___ жылығы ___ уақыт ___ жасадай бойынша № ___ бағалы қағаздарды ұстаушының
жеке шотынан үзінді-көшірме

Үзінді-көшірме жасалған күн _____ Уақыты _____

Бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер:

Заңды тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, жеке тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты	
Жеке тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері немесе заңды тұлға-бағалы қағаздарды ұстаушының мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) нөмірі және күні	
Жеке шоттың атауы	

№	Эмитенттің ағауы	Эмитенттің орналасқан жері	Бағалы қағаздардың түрі және ұлттық бірегейлендіру нөмірі (Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын сәйкестендіргіш)	Облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу күні	Бағалы қағаздар саны (Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының)	Жалпы саны	пайдасына ауыртпалық салу жүзеге асырылған тұлғаны көрсете отырып, ауыртпалық салынғандар	оқшауланғандар	сенімгерлік басқарушының атауын көрсете отырып сенімгерлік басқаруға берілгендер	Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына арақатынасы (пайызбен)	орналас-тырылғандар	дауыс беретіндер	Қосымша мәліметтер

Тіркеушінің жауапты адамы қол қоятын орын
(тегін, атын, әкесінің атын, атқаратын қызметін көрсете отырып) _____

Мөр орны

Тіркеушінің ағауы, оның орналасқан жері, телефон, факс нөмірлері

*Қазақстан Республикасының күші жойылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4175 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін енгізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 12 тамыздағы № 148 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4365 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 36 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4599 тіркелген, 2007 жылы Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген, 2007 жылы Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған)

бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 16-тармағы.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 172 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4842 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 28 наурыздағы № 39 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5218 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Банктің жарияланған акцияларын сатып алу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 161 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5389 тіркелген) 2-тармағы.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 237 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5541 тіркелген, 2009 жылғы 6 наурызда «Заң газеті» газетінде № 35 (1458) жарияланған, 2009 жылы Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 5 жарияланған).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 63 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5665 тіркелген).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 200 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5813 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 243 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5994 тіркелген, 2010 жылғы 29 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 256-258 (26103) жарияланған).

12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық

актілеріне бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 39 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6203 тіркелген, 2010 жылғы 5 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 406-409 (26252) жарияланған) 2-тармағы.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 50 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6219 тіркелген, 2010 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 14, 2010 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 456 (26299) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 12-тармағы.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу мәселелері бойынша толықтырулар және өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 4 қазандағы № 151 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6633 тіркелген) 1-тармағы.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 126 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7614 тіркелген, 2012 жылғы 11 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 495-500 (27573) жарияланған).

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 276 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7993 тіркелген, 2012 жылғы 20 желтоқсанда «Егемен Қазақстан»

газетінде № 834-839 (27910), 852-856 (27910, 27927) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-тармағы.

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 тіркелген, 2013 жылғы 6 тамызда «Заң газеті» газетінде № 115 (2316) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 12-тармағы.

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 215 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8799 тіркелген, 2013 жылғы 14 қарашада «Заң газеті» газетінде № 171 (2372) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы құралдарымен операцияларды тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы

2014 жылғы 22 қазан

№ 189

Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы

«Бағалы қағаздар рыногы» туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Қазақстан қор биржасы» АҚ 2015 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өзінің ішкі құжаттарын жоғарыда көрсетілген Талаптарға сәйкес келтірсін.

4. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 22 қазандағы
№ 189 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5223 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2008 жылғы 6 маусымда № 85 (1311 жарияланған));

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау

Агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2008 жылғы 15 қыркүйекте жарияланған, № 9).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттер-

ге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 115 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 15 қазанда жарияланған № 10).

4. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 28 тамыздағы № 04.2-09/207 бұйрығы (Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетені, № 9, 2008 жыл, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, № 10, 2008 жылғы 15 қазан).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 243 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5532 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 04.2-44/18 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5529 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2008 жылғы 26 ақпанда № 30 1627 жарияланған);

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 27 ақпандағы № 26 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5625 тіркелген).

8. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 наурыздағы № 04.2-44/84 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5682 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 5 маусымда № 84 (1507) жарияланған).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы құралдарының листингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 7 шілдедегі № 136 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5742 тіркелген).

10. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008 жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 20 тамыздағы № 04.2-44/145 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5781 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 2 қазанда № 150 (1743) жарияланған).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 262 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6026 тіркелген).

12. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 8 ақпандағы № 04.2-40/33бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6115 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2010 жылғы 25 мамырда № 73 (1868) жарияланған).

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 40 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6189 тіркелген).

14. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эми-

тенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 3 тамыздағы № 04.2-40/124бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6502 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 27 қазанда № 284 (26345) жарияланған).

15. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және жинақтаушы зейнетақы қорларының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 25 мамырдағы № 195 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және жинақтаушы зейнетақы қорларының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыруларының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7789 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 27 тамызда № 562-569 (27642) жарияланған).

16. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі Төрағасының «Бағалы қағаздары Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне енгізіледі деп көзделген немесе енгізілген эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды белгілеу туралы» 2008жылғы 8 мамырдағы № 04.2-09/119 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 233 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8008 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 21 қарашада № 402-403 (27221-27222) жарияланған).

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне эмитенттерді және олардың бағалы қағаздарын қор биржасында айналысқа жіберу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 29 қазандағы № 332 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8163 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 20 ақпанда № 71 (28010)) жарияланған).

Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар

1. Осы эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптар мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы кәсіпорын (Special purpose vehicle) – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, қызметінің жалғыз түрі ақша тарту, оның ішінде өзінің (өздерінің) құрылтайшысының (құрылтайшыларының), қатысушысының (қатысушыларының), акционерінің (акционерлерінің) – осы немесе басқа да мемлекеттік заңды тұлғаның кепілдігіне не олармен байланысты (үлестес) тұлғалардың кепілдігіне борыштық бағалы қағаздар шығару және орналастыру жолымен ақша тарту болып табылатын заңды тұлға;

2) арнайы қаржы компаниясы – жобалық қаржыландыру және секьюритизация мәмілелерін жүзеге асыру үшін «Жобалық қаржыландыру және секьюритизация туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес не шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылатын, пайдасына талап ету құқықтары берілетін заңды тұлға;

3) борыштық бағалы қағаз – иесінің эмитенттен негізгі борыш сомасын шығарылым талаптарымен белгіленген мөлшерде және мерзімде алуға құқығын растайтын бағалы қағаз;

4) жергілікті атқарушы органдардың облигациялары – республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) индекстік қор – активтері осы инвестициялық қор үшін базалық болып табылатын белгілі бір қор индексінің өкілдік тізіміне кіретіндерге ұқсас қаржы құралдарынан тұратын инвестициялық қор;

6) индекстің өкілдік тізімі – өлшемдері қор биржасының қандай да болмасын индикаторын есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы

қағаздар тізімі;

7) исламдық бағалы қағаздар – исламдық жалға алу сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаты;

8) қаржылық емес ұйым – қаржылық ұйым болып табылмайтын ұйым;

9) қор биржасының ресми тізімі (ресми тізім) – енгізілуі және болуы үшін бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар эмитенттерінің осы талаптарға сәйкес келетін қор биржасының тізімі, оның ішінде Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңы операторы айқындаған тізім;

10) листингтік компания – бағалы қағаздары ресми тізімге (ресми тізіміне айналысқа жіберілген) енгізілген заңды тұлға;

11) ресми тізімінің секторы - эмиссиялық бағалы қағаздар енгізілген (айналысқа жіберілген), Талаптармен белгіленген талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізімінің бөлігі;

12) рұқсат беру бастамашысы – бастамасымен бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізіміне енгізілетін (жіберілетін) эмитент не қор биржасының мүшесі;

13) сауда алаңы – қор биржасының бағдарламалық-техникалық кешенінің бөлігі, ол арқылы ресми тізімге енгізілген (қор биржасында айналысқа жіберілген) қаржы құралдарының жекелеген түрлерімен мәмілелер жасалады;

14) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау – эмитенттің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген қайта құрылымдау жоспары не «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен бекітілген сауықтыру жоспары негізінде іске асыратын әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдерінің кешені;

15) біліктілік талаптары - «Қаржы құралдарын Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін аудиторлық

ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 87 қаулысымен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2013 жылғы 13 мамырда № 8462 тіркелген, бекітілген Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына қаржы құралдарын кіргізу үшін аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары;

16) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

2. Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы айналысына Қазақстан Республикасынан бөлек басқа мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (тізімде айналыста болуға рұқсат берілген) бағалы қағаздарға рұқсат беріледі.

3. Қор биржасының ресми тізіміне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар, соның ішінде базалық активі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздар енгізіледі (рұқсат беріледі).

4. Қор биржасының ресми тізімі мынадай секторлардан тұрады:

- 1) акциялар;
- 2) борыштық бағалы қағаздар;
- 3) исламдық бағалы қағаздар;
- 4) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;
- 5) туынды бағалы қағаздар;
- 6) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
- 7) мемлекеттік бағалы қағаздар.

Қор биржасының арнайы сауда алаңының ресми тізімінің секторлары бөлек санаттарға және шағын санаттарға бөлінеді.

Қор биржасының ішкі құжаттарында, осы тармақта көрсетілген ресми тізімнің секторларынан басқа, қосымша секторлардың қызмет етуі қарастырылуы мүмкін.

5. «Акциялар» секторы екі санатқа бөлінеді: бірінші санат және екінші санат.

6. Қор биржасының ресми тізімінің бірінші санаты бойынша «акциялар» секторына эмитент акцияларын енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар мен олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитентті мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш

берілген күнге дейін кемінде үш жыл бұрын жүзеге асырылған. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес ұйымды (ұйымдарды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған оның жұмыс істеу мерзімін есептеу жүргізіледі.

Егер қор биржасының ішкі құжаттарында акцияларының жүз пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін жұмыс істеу мерзіміне үш жылдан аз талап қойылған жағдайда, осы тармақтың 4) және 6) тармақшаларында белгіленген талаптар осы ұйымдардың іс жүзінде жұмыс істеу мерзіміне байланысты қолданылады;

2) эмитент халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (International Financial Reporting Standards - IFRS) (бұдан әрі – ХҚЕС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есептілік стандарттарына (General Accepted Accounting Principles - GAAP) (бұдан әрі - АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірі олардың біліктілік талаптарға сәйкес келуі негізінде жүзеге асырады;

4) рұқсат беру бастамашысы мыналардан:

егер акцияларды осы санатқа енгізу туралы өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы аяқталған күнінен бастап төрт ай өткен соң берілсе, аяқталған соңғы үш қаржы жылынан;

егер акцияларды осы санатқа енгізу туралы өтініш аяқталған соңғы қаржы жылы аяқталған күнінен бастап төрт ай ішінде берілсе, соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы қатарынан аяқталған үш қаржы жылынан кем емес аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігін ұсынады.

Аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығын) шолу бойынша есеп шығарылған, рұқсат беру бастамашысы ұсынған эмитенттің соңғы қаржылық есептілігін жасаған күннен бастап осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш берген күнге дейін алты айдан көп емес мерзім өтуі тиіс.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылы үшін соңғы қаржылық есептілік жасалған күннен бастап акцияларды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық

жиынтығын) шолу бойынша есеп береді;

5) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің немесе егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеген елдің заңнамасында көзделген жағдайда, эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

6) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

7. Қор биржасының ресми тізімінің екінші санаты бойынша «акциялар» секторына эмитент акцияларын енгізу және олардың онда болуы үшін, осындай бағалы қағаздар мен олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитент қаржылық есептілігін ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;

2) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын, олардың біліктілік талаптарға сәйкес келу негізінде аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірімен жүзеге асырылады;

3) рұқсат беру бастамашысы эмитенттің соңғы аяқталған қаржы жылы үшін немесе эмитент бір жылдан кем қызметін жүзеге асырған жағдайда, нақты қызмет ету кезеңі үшін аудиторлық есеппен расталған, эмитенттің қаржылық есептілігін береді.

Рұқсат беру бастамашысының акцияларды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініші соңғы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі алғашқы төрт ай ішінде қор биржасымен осы акциялар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілігін бермей, эмитентте мына құжаттардың біреуі бар болған жағдайда қабылданады:

соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы жыл үшін аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік, сондай-ақ жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашысы көрсетілген өтінішті берген күнге дейін алты айдан астам уақыт өтпеген, аралық қаржы ақпаратты шолу (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп;

жасалу уақытынан рұқсат беру бастамашы-

сы көрсетілген өтінішті берген күнге дейін алты айдан көп емес уақыт өтпеген, аудиторлық есеппен расталған осы эмитенттің аралық қаржылық есептілігі;

4) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару кодексінің немесе егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеген елдің заңнамасында көзделген жағдайда, эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

5) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

8. «Борыштық бағалы қағаздар» секторы үш санатқа бөлінеді:

1) квазимемлекеттік секторы субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары;

2) өзге борыштық бағалы қағаздар;

3) буферлік санат.

9. Қор биржасының ресми тізімінің «квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары» санаты бойынша «борыштық бағалы қағаздар» секторына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шығарған борыштық бағалы қағаздарын енгізу және олардың онда болуы үшін, осындай бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) мемлекет, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ұлттық холдинг, ұлттық басқарушы холдинг не ұлттық компания эмитенттің акцияларының бақылау пакетін немесе жарғылық капиталында қатысудың бақылау үлесін тікелей не ішінара иеленеді;

2) эмитент қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын, олардың біліктілік талаптарға сәйкес келу негізінде аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірімен жүзеге асырылады;

4) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) борыштық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде осындай бағалы

қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

10. Қор биржасының ресми тізімінің «өзге борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша «борыштық бағалы қағаздар» секторына эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын енгізу және олардың онда болуы үшін, осындай бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитентті мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш берген күнге дейін кемінде екі жыл уақыт ішінде жүзеге асырады. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес оны (оларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде эмитент құрылған ұйымның (ұйымдардың) қызмет атқару мерзіміне сынақ жүргізіледі;

2) эмитент қаржылық есептілігін ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;

3) эмитенттің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын, олардың біліктілік талаптарға сәйкес келу негізінде аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енген аудиторлық ұйымдардың бірімен жүзеге асырылады;

4) рұқсат беру бастамашысы эмитенттің кемінде соңғы аяқталған бір қаржы жылы үшін аудиторлық есеппен расталған, эмитенттің қаржылық есептілігін береді.

Аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығын) шолу бойынша есеп шығарылған, рұқсат беру бастамашысы ұсынған эмитенттің соңғы қаржылық есептілігін жасаған күннен бастап осы санатқа акцияларды енгізу туралы өтініш берген күнге дейін алты айдан көп емес мерзім өтуі тиіс.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған қаржы жылы үшін соңғы қаржылық есептілік жасалған күннен бастап борыштық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты (эмитенттің аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығын) шолу бойынша есеп береді;

5) Қазақстан Республикасының резиденттері акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қатысты - корпоративтік басқару

кодексінің немесе егер оның болуы заңды тұлға ретінде эмитентті тіркеген елдің заңнамасында көзделген жағдайда, эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелген елінің заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген мазмұны бойынша ұқсас өзге құжаттың болуы;

б) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (тапсыру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

11. Қор биржасының ресми тізімінің «өзге борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша «борыштық бағалы қағаздар» секторына арнайы қаржы компаниясы немесе арнаулы кәсіпорын шығарған секьюритилендірілген борыштық бағалы қағаздарды енгізу және олардың онда болуы үшін, осындай бағалы қағаздар және олардың эмитенті мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) эмитент бір немесе бірнеше секьюритилендіру мәмілелерін жүзеге асыру үшін арнайы құрылған заңды тұлға болып табылады;

2) эмитент және оның борыштық бағалы қағаздары Талаптардың 10-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

12. Инфрақұрылымдық облигацияларды қор биржасы ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторына «өзге борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша енгізу және сонда қалдыру үшін осы облигациялар және олардың эмитенті Талаптардың 10-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

13. Осы эмитенттің жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) не құрылтайшысының (қатысушысының) бірі болып табылатын ұйымның кепілдігімен арнайы кәсіпорындар шығарған борыштық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» санаты бойынша енгізу үшін, талаптар эмитенттің өзіне емес, осындай кепілгер болатын ұйымға қолданылады.

14. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) эмитенттің өз міндеттемелері бойынша сыйақыны (егер борыштық бағалы қағаздардың аталған шығарылымы қор биржасының ресми

тізіміндегі осы эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының жалғыз шығарылымы болып табылған жағдайда, соңғы купондық кезең бойынша сыйақыны қоспағанда) төлеу дефолтында;

2) эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесі) эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдағанда.

15. Қор биржасы эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын Талаптардың 14-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін негіздер пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде эмитентке (рұқсатнаманың бастамашысына) осындай сәйкессіздік жөнінде хабарлама жібереді.

16. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін Талаптардың 14-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер пайда болғанда, эмитент (рұқсатнамасының бастамашысы) қор биржасына бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде белгіленген борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер орындалмағаны туралы бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде белгіленген орындалу мерзіміне дейінгі үш жұмыс күні бұрын кешіктірмей хабарлайды.

17. Эмитент (рұқсатнаманың бастамашысы) міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің қадағалау кеңесі) шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей қор биржасына осы факті туралы хабарлайды.

18. Эмитент (рұқсат беру бастамашысы) қор биржасының жазбаша хабарламасын алған күннен не эмитентті және оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін Талаптардың 14-тармағында көрсетілген негіздемелер туындаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қор биржасының атына эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) бекіткен эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым

жасау үшін Талаптардың 14-тармағында көзделген негіздемелерін жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) жібереді.

Қор биржасы іс-шаралар жоспарын алған күні оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Іс-шаралар жоспарында:

эмитент қызметінің қысқаша сипаттамасы;

эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін негіздемелер туындауының негізгі себептері;

қаржылық жағдайды қалпына келтіруге бағытталған, эмитенттің орындауға ұйғарылған негізгі іс-шаралары;

іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың әрқайсысының орындалу мерзімдері; эмитенттің негізгі қаржылық көрсеткіштерінің болжамы;

іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың орындалуына жауапты тұлғалардың тізбесі қамтылады.

Эмитенттің іс-шаралар жоспарына қатысты қосымша талаптар қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

Осы тармақта белгіленген талаптар қайта құрылымдау процесінде тұрған екінші деңгейдегі банктерге қолданылмайды.

Қайта құрылымдау процесінде тұрған екінші деңгейдегі банктің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау екінші деңгейдегі банктің атқарушы органының бірінші басшысы (атқару органы функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) не аталған екінші деңгейдегі банктің атқарушы органының басшысының міндетін атқаратын тұлға (атқару органы функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлға) қол қойған өтініштің негізінде, осы аударым жасауды қор биржасының листингтік комиссиясы мақұлдаған жағдайда жүргізіледі.

19. Қор биржасы іс-шаралар жоспарын алған күннен кейінгі он бес жұмыс күні ішінде іс-шаралар жоспарын қарайды және оны қабылдау не қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

20. Іс-шаралар жоспарын қабылдау не қабылдамау туралы шешімді құзыретіне листинг, делистинг немесе бағалы қағаздар тізімінің санатын ауыстыру мәселелерін қарау кіретін қор биржасының органы (бұдан әрі – листингтік комиссия) қабылдайды.

Листингтік комиссия іс-шаралар жоспарын қабылдаған жағдайда эмитенттің борыштық

бағалы қағаздарының барлық шығарылымы қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына, листингтік комиссия іс-шаралар жоспарын қабылдамаған жағдайда – делистингке аударым жасауға жатады.

Эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатында болған кезеңде эмитент эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) бекітетін іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізуі мүмкін.

Листингтік комиссия іс-шаралар жоспарына өзгерістерді алған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде іс-шаралар жоспарына өзгерістерді қабылдау не қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Листингтік комиссияның іс-шаралар жоспарына өзгерістерді қабылдамау туралы шешімінде эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына оларды Талаптардың 26-тармағына сәйкес делистингке негіздер жоқ болған жағдайда «буферлік санат» санатында қалатыны туралы ақпарат бар.

21. Эмитент өзінің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасауға не делистингке негіздерді жойған және бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау не делистинг туралы шешім қабылдаған сәтке дейін қор биржасына растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда осы бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінің санатында қалады, мұнда олар Талаптардың 14-тармағында көрсетілген іс-қимылдарды жасау сәтінде болған.

22. Бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінің қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатында болуының ең жоғары мерзімі эмитенттің бағалы қағаздарын «буферлік санат» санатына аударым жасау туралы шешім қабылданған күннен бастап он екі айды құрайды.

23. Бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына болған кезеңде эмитент (рұқсат беру бастамашысы) тоқсан сайынғы негізде және қор биржасының ресми сұрау салуы бойынша қор биржасына мынадай ақпаратты

береді:

1) тізбесі қор биржасының ішкі құжаттарымен және эмитенттің қызметіндегі маңызды оқиғалар туралы мәліметтер бар листинг туралы шартпен айқындалатын есептілік пен ақпарат;

2) іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды орындау туралы ақпарат.

24. Эмитенттің бағалы қағаздарын Талаптардың 14-тармағында көрсетілген қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына Талаптардың 22-тармағында белгіленген мерзімде аударым жасауға негіздер жойылған жағдайда, осы бағалы қағаздар листингтік комиссия шешімінің негізінде қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатынан талаптарына олар сәйкес келетін «борыштық бағалы қағаздар» секторының санатына аударым жасалады, ал «борыштық бағалы қағаздар» секторы санаттарының талаптарына сәйкес келмесе делистингке ұшырайды.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау жүргізілген жағдайда оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне бұрын болған «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасауға эмитенттің және оның бағалы қағаздарының қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының осы санатының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың негізінде қабылданған листингтік комиссияның шешімі негіз болып табылады.

25. Егер эмитент өзінің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатында болған уақытта міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы жарияласа, оның бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатында қалады.

26. Эмитенттің бағалы қағаздары мынадай жағдайларда делистингке жатады:

1) қайта ұйымдастырылу немесе таратылу нәтижесінде эмитенттің қызметі тоқтатылғанда не эмитент мәжбүрлеп таратылу процессінде болғанда;

2) эмитенттің өз міндеттемелері бойынша сыйақыны (соңғы купондық кезеңдегі сыйақыны қоспағанда) төлеу бойынша дефолт және эмитент Талаптардың 18-тармағында көрсетілген іс-шаралар жоспарын ұсынбағанда;

3) Талаптардың 14-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда эмитент

Талаптардың 18-тармағында көрсетілген іс-шаралар жоспарын немесе жазбаша хабарламаны ұсынбағанда;

4) листингтік комиссия Талаптардың 20-тармағында көрсетілген іс-шаралар жоспарын қабылдамағанда;

5) эмитенттің директорлар кеңесі (акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған эмитенттің бақылау кеңесі) осы эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдамағанда эмитенттің бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатында болғанда міндеттемелері бойынша дефолтында;

6) осы Талаптардың 16-тармағында көрсетілген қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторының «буферлік санат» санатына аударым жасау үшін негіздемені жою мүмкін еместігі фактісін қор биржасының анықтауы;

7) осы Талаптардың 22-тармағымен белгіленген мерзімде осы Талаптардың 14-тармағында көрсетілген негіздемелерді жоймау;

8) соттың эмитентті банкрот деп тануы;

9) эмитенттің мүлкін осы эмитенттің активтерінің елу пайызынан асатын мөлшерде тыйым салу;

10) эмитенттің (рұқсат беру бастамашысының) эмитенттің болған кезінде және оның бағалы қағаздары осы Талаптардың 23-тармағында көрсетілген тізбеде қор биржасының ресми тізімінің «борыштық бағалы қағаздар» секторындағы «буферлік санат» санатындағы ақпаратты ұсынбауы;

11) іс-шаралар жоспарымен көзделген іс-шаралардың орындалмауы;

12) қор биржасының ішкі құжаттарымен көзделген басқа жағдайларда.

27.«Исламдық бағалы қағаздар» секторы екі санатқа бөлінеді: исламдық жалға алу сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары.

28. Исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің «исламдық бағалы қағаздар» секторының «исламдық жалға алу сертификаттары» санатына енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар, олардың эмитенті және оригинатор мына талаптарға сәйкес келеді:

1) эмитент акционерлік қоғам не жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады;

2) оригинаторды мемлекеттік тіркеу исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми

тізіміне енгізу туралы өтінішті берген күнге дейін кем дегенде екі жыл бұрын жүзеге асырылған. Қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес қайта ұйымдастыру нәтижесінде оригинатор құрылған ұйымның (ұйымдардың) жұмыс істеу мерзімін есепке алу жүргізілуі мүмкін;

3) рейтингтік бағасын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша қор биржасымен танылатын рейтингтік агенттіктердің тізбесіне кіретін рейтингтік агенттіктердің біреуі исламдық бағалы қағазға рейтингтік баға берді.

Оригинаторда «BB-» төмен емес («Standard & Poor's») және «Fitch» рейтингтік агенттіктерінің жіктеуі бойынша) немесе «Ba3» төмен емес («Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігінің жіктеуі бойынша) не «Standard & Poor's», «Fitch» және (немесе) «Moody's Investors Service» рейтингтік бағасы рейтингтік агенттіктердің ұлттық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдің рейтингтік бағасы бар.

Бұл ретте, қор биржасы соңғы жиырма ай ішінде берілген (расталған, жаңартылған) сол рейтингтік бағаны ескереді. Бірнеше рейтингтік агенттік берген рейтингтік бағалар бар болған кезде, осы бағалардың соңғысына мән беріледі;

4) оригинатор қаржылық есептілігін ХҚЕС сәйкес жасайды;

5) рұқсат беру бастамашысы аудиторлық есеппен расталған оригинатордың мыналардан кем емес қаржылық есептілігін ұсынады:

егер исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы біткен күннен бастап төрт ай өткеннен кейін берілген болса, аяқталған соңғы екі қаржы жылынан;

егер исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу жөніндегі өтініш соңғы аяқталған қаржы жылы біткен күннен бастап төрт ай ішінде берілген болса, аяқталған соңғы қаржы жылының алдындағы аяқталған жүйелі екі қаржы жылынан кем емес уақыттағы аудиторлық есеппен расталған оригинатордың қаржылық есептілігін.

Рұқсат беру бастамашысы соңғы берген аудиторлық есеп немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (оригинатордың аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп шығарылған, оригинатордың қаржылық есептілігін жасау күнінен бастап исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтінішті беру күніне дейін алты айдан аспауы тиіс.

Егер аудиторлық есеппен расталған аяқталған

қаржы жылының қаржылық есептілігі жасалған күннен бастап исламдық бағалы қағаздарды осы санатқа енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін алты айдан астам мерзім өтсе, рұқсат беру бастамашысы аралық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті немесе аралық қаржылық ақпаратты шолу (оригинатордың аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есепті береді.

Оригинатордың қаржылық есептілігінің аудиті қор биржасының танитын аудиторлық ұйымдарының тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдарының бірі олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі негізінде жасалады;

6) исламдық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі оригинатордың исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілген;

7) аудиторлық есеппен расталған соңғы есептілік күніне жасалған қаржылық есептілікке сәйкес оригинатордың левередж мөлшері екіден аспайды;

8) рұқсат беру бастамашысы ҚЕХС сәйкес жасалған және қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдар тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымның аудиторлық есебімен расталған олардың біліктілік талаптарына сәйкес келуі негізінде эмитенттің соңғы есептілік күніне қаржылық есептілігін (еншілес ұйым (ұйымдар) болған жағдайда шоғырландырылған қаржылық есептілікті) береді;

9) құрылтайшы эмитенттің жарғылық капиталын толығымен төлеген;

10) бөлінген активтердің құрамына кіретін мүліктің объектілері исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген не оригинатор мен эмитент арасында бөлінген активтерді құрайтын мүліктің объектілерін исламдық бағалы қағаздардың айналыста болу мерзіміне жалға (қаржы лизингіне) беру туралы шарт жасалған күнге дейінгі екі жыл ішінде жалға (қаржы лизингіне) беріледі;

11) эмитенттің бөлінген активтерін бағалау қор биржасы танитын бағалаушылардың тізбесіне кірген бағалаушылардың біреуімен жүргізіледі;

12) бөлінген активтер бойынша кірістердің кемінде жетпіс бес пайызын мүлікті жалға (қаржы лизингіне) беру нәтижесінде алынған кірістер құрайды;

13) бөлінген активтер құрамына кіретін мүліктің объектілеріне ауыртпалық салынбайды;

14) акционерлік қоғамдарға қатысты - эмитент акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген

корпоративтік басқару кодексінің болуы;

15) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды.

29. Исламдық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің «исламдық бағалы қағаздар» секторының «исламдық қатысу сертификаттары» санатына енгізу және олардың сонда болуы үшін осы бағалы қағаздар, олардың эмитенті және оригинатор мына талаптарға сәйкес келуі керек:

1) осы Талаптардың 28-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 14) және 15) тармақшаларында көзделген талаптар;

2) эмитент бар инвестициялық жобаны дамыту үшін тартылған шығарылым қаражатын кейіннен пайдалану мақсатында исламдық бағалы қағаздарды шығару үшін құрылған заңды тұлға болып табылады;

3) инвестициялық жобада ақшалай қаражатты жинақтайтын объектінің (қаражат көзінің) және осы ақшалай қаражатты бөлу механизмінің, сондай-ақ инвестициялық жоба шығындарының негізгі көздерінің бар екенін болжамдайтын ақшалай қаражат қозғалысының айқын схемасы бар;

4) инвестициялық жобаның рентабельділігі оның жобалық құжаттамасына сәйкес оң шамаға жатады;

5) оригинатор инвестициялық жобаға енгізген мүліктің бағасын қор биржасы танитын бағалаушылардың тізбесіне кірген бағалаушылардың біреуімен жүргізіледі.

30. Акционерлік инвестициялық қордың акцияларын қор биржасының ресми тізіміндегі «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторына енгізу үшін және онда бағалы қағаздарды қалдыру үшін акционерлік инвестициялық қор, сондай-ақ егер ол инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы не болмаса заңды тұлға ретінде инвестициялық қордың тіркеу елінің заңнамасымен көзделген тиісті құжаты болса (бұдан әрі - инвестициялық қорды басқарушы компания немесе акционерлік инвестициялық қор) акционерлік инвестициялық қорды басқарушы компания мынадай талаптарға сәйкес келуі керек:

1) акционерлік инвестициялық қордың бағалы қағаздар шығарылымын тіркеу елінің заңнамасына сәйкес олар шығарған бағалы қағаздар қор биржасының сауда-саттық жүйесінде

орналастырылуға және айналымда болуға рұқсат етілуі тиіс;

2) акционерлік инвестициялық қор ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті құрайды;

3) ресми тізімнің осы секторына бағалы қағаздарды енгізу туралы өтініш берген күннен бері инвестициялық қордың басқарушы компаниясы не акционерлік инвестициялық қор инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны не заңды тұлға ретінде инвестициялық қордың тіркелген елінің заңнамасымен көзделген тиісті құжатты алған күнінен бастап бір жылдан аспайтын уақыт өтті;

4) рұқсат беру бастамашысы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының немесе соңғы толық аяқталған қаржы жылы үшін не нақты өмір сүру кезеңі аралығындағы аудиторлық есеппен расталған акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілігін ұсынады.

Қор биржасы соңғы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі бірінші төрт ай аралығында осы секторға инвестициялық қордың бағалы қағаздарын енгізуге рұқсат беру бастамашысының өтінішін инвестициялық қордың басқарушы компаниясының немесе соңғы толық аяқталған қаржы жылғы аудиторлық есеппен расталған акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілігін ұсынбай, оларда мыналар болған жағдайда енгізеді:

соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы жылға арналған аудиторлық есепті растаушы қаржылық есептілік, сондай-ақ жасалған күнінен бастап рұқсат беру бастамашысының аталған өтінішті берген күніне дейін алты айдан артық емес уақыт өткен аралық қаржылық ақпаратты шолу жөніндегі есептер (инвестициялық қордың басқарушы компаниясының немесе акционерлік инвестициялық қордың аралық қаржылық есептілігінің толық комплекті) не

жасалған күнінен бастап рұқсат беру бастамашысының аталған өтінішті берген күніне дейін алты айдан артық емес уақыт өткен осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының немесе аудиторлық есеппен расталған осы акционерлік инвестициялық қордың аралық қаржылық есептілігін;

5) акционерлік инвестициялық қордың қаржылық есептілік аудитін олардың біліктілік талаптарына сәйкестілігі негізінде қор биржасы танитын аудиторлық ұйымдар тізбесінде бар аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

б) акционерлік инвестициялық қор өтініш

беру алдындағы үш жыл немесе акционерлік инвестициялық қордың жұмыс істеу кезеңі аралығында, егер ол үш жылдан кем болған жағдайда акционерлік инвестициялық қор өтініш берердің алдында олардың бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындамауы немесе уақтылы орындамау жағдайлары болмауы керек;

7) акционерлік инвестициялық қордың инвестициялық декларациясы осы басқарушы компанияның немесе акционерлік инвестициялық қордың интернет-ресурсында жарияланған;

8) акционерлік инвестициялық қордың құрылтай құжаттарында бағалы қағаздар меншік иелерін иеліктен айыру кезінде (басқаға беру) құқықтарын шектейтін немесе нұқсан келтіретін нормалар жоқ;

9) акционерлік инвестициялық қорды мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын ресми тізімге енгізу туралы өтініш бергенге дейін бір жылдан кем емес мерзім ішінде жүзеге асырылған;

10) Қазақстан Республикасының резиденттері – акционерлік инвестициялық қорларға қатысты – осындай қордың акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы.

Қазақстан Республикасының резиденті еместер – акционерлік инвестициялық қорларға қатысты – егер оның болуы осындай қорды заңды тұлға ретінде тіркеуші елдің заңнамасымен көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексінің немесе осындай қорды заңды тұлға ретінде тіркеуші елдің заңнамасымен көзделген тәртіпте бекітілген өз мазмұны бойынша ұқсас басқа құжаттың болуы.

31. Инвестициялық пай қорының пайларын қор биржасының ресми тізімінің «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторына енгізу және олардың сонда болуы үшін осы бағалы қағаздар, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқаруға лицензиясы не инвестициялық қорды заңды тұлға ретінде тіркеуші елдің заңнамасымен көзделген тиісті құжаты бар инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы қаржылық есептілікті ХҚЕС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;

2) бағалы қағаздарды ресми тізімнің осы секторына енгізу туралы өтініш берілген күні инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы инвестициялық портфельді басқаруға лицензияны не инвестициялық қорды заңды тұлға ретінде тіркеуші елдің заңнамасымен көзделген

тиісті құжаты алған күннен бастап кем дегенде бір жыл өткен;

3) рұқсат беру бастамашысы соңғы толық аяқталған қаржы жылына не нақты өмір сүру кезеңіне аудиторлық есеппен расталған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының қаржылық есептілігін береді.

Соңғы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бірінші төрт ай бойы рұқсат беру бастамашысының инвестициялық пай қорының бағалы қағаздарын осы секторға енгізу туралы өтінішті қор биржасы соңғы аяқталған қаржы жылына аудиторлық есеппен расталған инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының қаржылық есептілігін бермей, оларда:

соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы жылға аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік, сондай-ақ оны жасаған күннен бастап рұқсат беру бастамашысының көрсетілген өтінішті берген күніне дейін алты айдан аспайтын мерзім өткенде аралық қаржы ақпаратының үлгісі (инвестициялық қордың басқарушы компаниясының аралық қаржылық есептілігінің толық жиынтығы) бойынша есеп, не

оны жасаған күннен бастап рұқсат беру бастамашысы көрсетілген өтінішті берген күннен бастап алты айдан аспайтын мерзім өткен аудиторлық есеппен расталған инвестициялық пай қорының осы басқарушы компаниясының аралық қаржылық есептілігі болған жағдайда қабылдайды;

4) қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының қаржылық есептілігінің аудитін олардың біліктілік талаптарына сәйкес келуінің негізінде жүргізеді;

5) өтінішті берер алдындағы үш жыл бойы инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясында оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерді орындамаған немесе уақтылы орындамаған жағдай болмайды;

6) басқарушы компанияның инвестициялық декларациясы осы басқарушы компанияның интернет-ресурсында жарияланған;

7) басқарушы компанияның құрылтай құжаттарында бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен алу (жіберу) құқықтарына қысым жасайтын және шектейтін нормалар болмайды.

32. Қордың жылжымайтын мүлік акцияларын қор биржасының ресми тізімінің «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторына енгізу және олардың сонда болуы үшін, жылжымайтын

мүлік қоры және оның бағалы қағаздары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) Талаптардың 30-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларымен көзделген;

2) шығарылған бағалы қағаздар және (немесе) басқа міндеттемелер бойынша міндеттемелердің мөлшері жиынтығында жылжымайтын мүлік қорының меншікті капиталының он пайызынан аспайды;

3) жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық кірістерінің кем дегенде жетпіс бес пайызын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған кірістер құрайды;

4) жылжымайтын мүлік қорының активтерін құрайтын жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлік қорының басқарушы компаниясының үлестес тұлғаларынан сатып алынбаған;

5) жылжымайтын мүлік қорының активтеріне кіретін, жалдау шартымен белгіленген жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру мерзімі бір жылдан кем емес;

6) жылжымайтын мүлік қорының активтері құрамына кіретін жылжымайтын мүлік объектілері оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін екі жыл ішінде жалға беріледі.

Рұқсат беру бастамашысы қор биржасына жалдау шартының стандартты нысанын, сондай-ақ жылжымайтын мүлік қорының бағалы қағаздарын жылжымайтын мүлік қоры активтерін құрайтын жылжымайтын мүлік объектілерін бір жылдан кем емес мерзімге жалға берілгенін растаушы қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін жасалған жалдау шарттарының көшірмелерін береді.

33. Индекстік қордың бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізімінің «инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторына енгізу және олардың онда болуы үшін индекстік қор және оның бағалы қағаздары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) Талаптардың 30-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларымен және 31-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларымен көзделген;

2) индекстің өкілдік тізіміне енгізілген бағалы қағаздар уәкілетті органмен келісу бойынша қор биржасы таныған биржалардың тізбесіне енетін шетелдік қор биржаларының бірінің ресми тізіміне енгізілген.

34. Туынды бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізімінің «туынды бағалы қағаздар» секторына енгізу және олардың онда болуы үшін осы бағалы қағаздар және олардың эмитенті

уәкілетті органмен келісілген қор биржасының қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

35. Эмитенттердің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда ықшамдалған рәсім бойынша болуы үшін осы бағалы қағаздар олардың эмитенттері мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) осы бағалы қағаздар уәкілетті органмен келісу бойынша қор биржасы таныған биржалар тізбесіне енетін шетелдік қор биржаларының бірінің ресми тізіміне енгізіледі, не

егер депозитарлық қолхаттар бағалы қағаздар болып табылса, базалық активі болып табылатын осы депозитарлық қолхаттар немесе акциялар уәкілетті органмен келісу бойынша қор биржасы таныған биржалар тізбесіне енетін шетелдік қор биржаларының бірінің ресми тізіміне алдын ала енгізіледі;

2) осы бағалы қағаздардың эмитенттері туралы ақпаратты ашу тиісті қор биржаларының ресми сайттарында және заңды тұлға ретінде осы қор биржаларының тіркелген елінің заңнамасына және осы қор биржаларының қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ықшамдалған рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне депозитарлық қолхаттар енгізілсе, осы тармақшаның бірінші абзацының талабы депозитарлық қолхаттардың эмитентіне емес, депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентіне қолданылады;

3) осы бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудиті ресми тізіміне осы бағалы қағаздар енгізілген шетелдік қор биржасы таныған және уәкілетті органмен келісу бойынша қор биржасы таныған биржалар тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді.

Егер ықшамдалған рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне депозитарлық қолхаттар енгізілсе, осы тармақшаның бірінші абзацының талабы депозитарлық қолхаттардың эмитентіне емес, депозитарлық қолхаттардың базалық активі болып табылатын акциялар эмитентіне қолданылады;

4) эмитенттің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар, оның ішінде депозитарлық қолхаттар шығарылымы проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен алу (жіберу) құқықтарына қысым жасайтын және шектейтін нормалар болмайды.

36. «Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары» секторында өтініш жасауға

оларды есепке алу орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде жүзеге асырылатын халықаралық қаржы ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздарына жол беріледі.

Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа жіберілетін халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесі уәкілетті органмен келісу бойынша осындай қор биржасымен белгіленеді.

37. «Мемлекеттік бағалы қағаздар» секторында өтініш жасауға Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, оларды есепке алу орталық депозитарийлерді есепке алу жүйесінде жүзеге асырылатын мемлекеттік бағалы қағаздарға жол беріледі.

Қор биржасының сауда жүйесінде өтініш жасауға Қазақстан Республикасынан басқа, «В-» (Standard & Poor's және Fitch рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) немесе «В3» (Moody's рейтинг агенттіктерінің жіктелімі бойынша) төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг бағасы бар мемлекеттер шығарған мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарына рұқсат беріледі.

38. «Мемлекеттік бағалы қағаздар» секторына жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын енгізу және олардың онда болуы үшін, осы облигациялар және олардың эмитенттері Талаптардың 36-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

39. Бағалы қағаздарды секторлардың жеке-леген санатына (шағын санатына) ықшамдалған рәсім бойынша жатқызу қор биржасының қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте қор биржасының қағидаларында Талаптардан ресми тізімге осы эмитенттерді заңды тұлға ретінде тіркейтін елдің заңнамасына негізделген ықшамдалған рәсім бойынша енгізілетін (ресми тізімдегі) бағалы қағаздардың эмитенттері үшін алып тастауға жол беріледі.

40. Қор биржасының қағидаларымен Талаптардан басқа меншікті капиталдың, таза пайданың мөлшеріне, негізгі қызмет бойынша сату көлеміне (қаржылық емес ұйымдар мен лизингтік компаниялар үшін), листингтік компанияға, бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуына, еркін айналыстағы акциялардың санына қойылатын талаптарды қоса, бағалы қағаздарға, рұқсат беру бастамашыларына және листингтік компанияларға қойылатын қосымша талаптар және өзге де талаптар жол беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2014 жылғы 22 қазан

№ 196

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Досмұхамбетов Н.М.) осы қаулы қабылданған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін және ресми жариялау көздерін хабардар етсін.

3. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының
2014 жылғы 22 қазандағы
№ 196 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2953 тіркелген, 2005 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, № 15, 105-құжат).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 326 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3313 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы

нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқарушының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 328 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3314 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 330 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3329 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, № 20, 186-құжат).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту ту-

ралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3346 тіркелген, 2005 жылғы 23 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 111 (736) жарияланған).

6. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларында сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы» 2004 жылғы 27 желтоқсандағы № 377 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3422 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3603 тіркелген).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Клиенттер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті активтерін инвестициялау туралы жасалған мәмілелердің есебін ұсыну жөніндегі ережені бекіту туралы» 2005 жылғы 28 мамырдағы № 165 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3700 тіркелген).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 27 тамыздағы № 310 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3868 тіркелген) 10, 12, 14 және 15-тармақтары.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 29 қазандағы № 390 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 3949 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 17 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4074 тіркелген).

12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 330 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 27 мамырдағы № 119 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4258 тіркелген).

13. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 12 тамыздағы № 152 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4401 тіркелген, 2006 жылғы 13 қазанда «Заң газеті» газетінде № 182 (988) жарияланған).

14. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 227 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4490 тіркелген).

15. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 330 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы № 63 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4658 тіркелген).

16. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысына өзгеріспен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы № 64 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4665 тіркелген).

17. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 115 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4681 тіркелген, 2007 жылғы мамыр-маусымда Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында жарияланған) 1-тармағы.

18. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4803 тіркелген, 2007 жылғы мамыр-шілдеде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында жарияланған) қосымшасының 8-тармағы.

19. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық

актілеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 173 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4848 тіркелген) қосымшасының 6) тармақшасы.

20. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 274 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5126 тіркелген, 2008 жылғы 22 ақпанда «Заң газеті» газетінде № 28 (1254) жарияланған) 1-тармағының 1) тармақшасы.

21. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 3 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5157 тіркелген).

22. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқарушының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 328 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 79 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5249 тіркелген, 2008 жылғы 1 тамызда «Заң газеті» газетінде № 116 (1342), 2008 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында № 9 жарияланған).

23. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы

зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 30 маусымдағы № 98 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5275 тіркелген, 2008 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында № 9 жарияланған).

24. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 127 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5315 тіркелген, 2008 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында № 11 жарияланған).

25. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 162 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5401 тіркелген).

26. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына толықтыру енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 165 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 5386 тіркелген).

27. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген, 2009 жылғы 17 ақпанда «Заң газеті» газетінде № 24 (1447) жарияланған).

28. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 245 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5539 тіркелген, 2009 жылғы 6 наурызда «Заң газеті» газетінде № 35 (1458), 2009 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында № 5 жарияланған).

29. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы» 2009 жылғы 27 ақпандағы № 36 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5603 тіркелген, 2009 жылғы 15 мамырда «Заң газеті» газетінде № 72 (1495) жарияланған).

30. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 26 мамырдағы № 100 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5709 тіркелген) 1-тармағы.

31. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есеп-

теу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 180 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5789 тіркелген).

32. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 тіркелген).

33. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 330 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 184 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекет тіркеу тізілімінде № 5779 тіркелген).

34. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 187 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5771 тіркелген).

35. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген).

36. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 2 қарашадағы № 230 қаулысы (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5879 тіркелген).

37. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 2 қарашадағы № 231 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5943 тіркелген).

38. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 266 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6041 тіркелген) 1 және 2-тармақтары.

39. Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 9 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6099 тіркелген).

40. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 49 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6204 тіркелген) Тізбесінің 3-тармағы.

41. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен

қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы № 50 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6219 тіркелген, 2010 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 14 жарияланған) Тізбесінің 4, 22, 24 және 28-тармақтары.

42. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 маусымдағы № 73 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6315 тіркелген).

43. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорының есеп беру ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 27 қарашадағы № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2010 жылғы 25 маусымдағы № 89 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6347 тіркелген).

44. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 110 қаулысының 1 және 2-тармақтары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6403 тіркелген).

45. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау

агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі және жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 105 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6413 тіркелген).

46. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорлары кастодиан банкерінің есептілікті беру ережесін бекіту туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 127 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6557 тіркелген).

47. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 131 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6554 тіркелген) Тізбесінің 5, 7, 8, 9, 23 және 24-тармақтары.

48. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 қарашадағы № 174 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6717 тіркелген) Тізбесінің 1, 2 және 4-тармақтары.

49. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы құралдарын бағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 28 ақпандағы № 16 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6882 тіркелген, 2011 жылғы 10 қарашада Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының

актілер жинағында № 16 жарияланған) 2-тармағы.

50. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 118 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7314 тіркелген) тізбесінің 1, 3 және 4-тармақтары.

51. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 219 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7413 тіркелген).

52. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 221 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7407 тіркелген, 2012 жылғы 28 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде № 195-200 (27274) жарияланған) тізбесінің 1, 2 және 3-тармақтары.

53. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 20 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7439 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) қосымшасының 1-тармағы.

54. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтер есебінен жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді жинақтаушы зейнетақы қорларының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қағидаларын бекіту

туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 28 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7476 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған).

55. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 35 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7521 тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 339-345 (27419) жарияланған).

56. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы» 2009 жылғы 27 ақпандағы № 36 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7538 тіркелген, 2012 жылғы 4 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 369-374 (27448) жарияланған).

57. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының кастодиан-банктерінің инвестициялаудың мультипортфельді жүйесі бөлігінде есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 68 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7556 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 261-266 (27340) жарияланған).

58. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған тәуекелдерді басқару

және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 76 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7570 тіркелген, 2012 жылғы 25 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 415-416 (27495) жарияланған).

59. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер және жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың меншікті активтері жөнінде есеп беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы №85 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7577 тіркелген, 2012 жылғы 1 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 442-449 (27523) жарияланған).

60. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және жинақтаушы зейнетақы қорларының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 25 мамырдағы № 195 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7789 тіркелген, 2012 жылғы 29 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 562-569 (27642) жарияланған) қосымшасының 3, 4 және 5-тармақтары.

61. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 27 шілдедегі №224 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7908 тіркелген, 2012 жылғы 7 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 729-734 (27806) жарияланған).

62. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдардың қызметін пруденциялық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 27 шілдедегі №227 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7871 тіркелген,

2012 жылғы 26 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетінде № 622-630 (27701) жарияланған) қосымшасының 1, 2 және 3-тармақтары.

63. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 24 тамыздағы № 235 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 тіркелген, 2012 жылғы 22 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 763-767 (27839) жарияланған) Тізбесінің 6-тармағы.

64. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 299 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8021 тіркелген, 2012 жылғы 3 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінде № 722-726 (27798) жарияланған).

65. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы №374 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8271 тіркелген, 2013 жылғы 4 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде № 121 (28060) жарияланған) Тізбесінің 1, 4, 5, 6 және 8-тармақтары.

66. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Зейнетақы аннуитеті шарттары негізінде жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының зейнетақымен камсыздандыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 249 қаулысының және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 қаулысының кейбір тармақтарының қолданылуын тоқтата тұру ту-

ралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы №77 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8410 тіркелген, 2013 жылғы 1 маусымда «Егемен Қазақстан» газетінде № 139 (28078) жарияланған).

67. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 26 ақпандағы №23 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 9278 тіркелген, 2014 жылғы 7 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 11 сәуірде «Заң газеті» газетінде № 52 (2446) жарияланған).

68. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 26 ақпандағы №33 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9317 тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 23 мамырда «Заң газеті» газетінде № 74 (2468) жарияланған) Тізбесінің 1-қосымшасы.

Е-KZT МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР

Сізге e-kzt Интернет арқылы оңай тез және ең бастысы қауіпсіз сатып алуға мүмкіндік береді.

Е-KZT-бұл интернет желісіндегі тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге, ақша аударуға, түсім және төлем туралы барлық ақпаратты сенімді сақтауға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызметтер, телефония, теледидар, он-лайн ойындар, жеңілдік купондар және сертификаттар, интернет және хостинг, сондай-ақ, көптеген басқа қызметтердің төлем www.e-kzt.kz порталында қол жетімді болады.



«e-kzt» өзгеше ерекшеліктері ең төменгі тариф пеныңғайлы интерфейссті пайдалану оңай болыптабылады. Электронды ақша арқылы төлем тез арада жүргізіледі, ал электронды әмиянды ашу жәнәтолтыру on-line тәртібінде жеке ақпарат бланкін тольырмай-ақ санаулы минуттарда жүргізіледі.

Форумында Сізді қызықтыратын сұрақтарды қоя аласыз.

[HTTPS:// WWW.EKZT.KZ/FEEDBACK](https://www.e-kzt.kz/feedback)